

1500 сөз

ҚАЗАҚ СӨЗІ



+CD

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз

Т 93

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасы
бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында шығарылды.*

Т 93 **Қазақ сөзі. 1500 сөз. Оқу-әдістемелік құрал.** / Е.Тілешов, Л.Есбосынова, М.Дәрменова, Д.Оспанова, Е.Шынатай. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2017. – 176 бет.

ISBN 978-601-7504-32-8

Бұл оқу-әдістемелік құрал қазақ тілінің жиі қолданылатын лексикалық минимумына негізделген. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгеруге арналған оқу-әдістемелік құрал 1500 сөзді қамтитын 16 сабақтан тұрады. Оқу құралында сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлем үлгілерін тақырыбына сәйкес мағынасы мен қолданылу аясына қарай дұрыс пайдаланудың тиімді тәсілдері ұсынылады. Оқу-әдістемелік құрал оқытушыларға, әдіскерлерге, тіл үйренушілерге арналған.

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз

ISBN 978-601-7504-32-8

© Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың
республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2017

АҢДАТУ

Құрметті оқырман! «Қазақ сөзі» оқу-әдістемелік құралы – тіл үйретуші мен тіл үйренушіге бағдар беріп, бағыт сілтейтін, сөйлеу тілі лексикалық минимумға негізделген құрал. Белгілі бір тілді үйрену, оның сөздік қорын меңгеру сол тілде сөйлейтін халық өкілдерімен, сол тіл қолданылатын ел тарихымен, мәдениетімен танысу ісімен қатар жүретіні сөзсіз. Сол себепті «Қазақ сөзі» тіл үйренем деген кісіге қазақты тануға мүмкіндік береді.

Тіл үйрену үшін қанша сөз білу керек?

Мәтінді оқып, түсіне білу үшін көп сөз білу қажет, бірақ олардың көбі жиі қолданылмауы мүмкін. Танымал швед полиглоты Э.Гуннемарктың айтуынша, дұрыс іріктеліп алынған 40 сөз күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздердің 50%-ын қамтиды. Ал іріктелген 200 сөз жиі қолданылатын сөздердің 80 %-ын, 300-400 сөз – 85%-ын, 800-1200 сөз 95%-ын қамтиды. Бұдан тіл үйренушінің сол тілдің өкілімен түсінісуі үшін күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын сөздерді білуі жеткілікті деген қорытынды шығады. Ал қазақ тіліндегі мәтіндерді оқып, түсініп, мазмұндау және сөйлеп үйрену үшін жиі қолданылатын 1200-1500 сөзді білу жеткілікті.

Бұл құрал бұрын шыққан «Қазақ сөзінде» (137 сөз, 500 сөз, 900 сөз, 1200 сөз) берілген лексика-грамматикалық мазмұнды толықтырып, қорытындылайды. «Қазақ сөзі. 1500 сөз» оқу-әдістемелік құралына тілімізде ең жиі кездесетін сөздердің 1200-1500 сөз аралығын қамтитын 300 сөз іріктеліп алынды.

«Қазақ сөзінің» қандай ерекшелігі бар?

«Қазақ сөзі. 1500 сөз» оқу-әдістемелік құралының құрылымдық ерекшелігіне келер болсақ, құрал тақырыптық және танымдық мазмұндағы мәтіндерден, диалогтерден, сабақтағы лексикалық және грамматикалық минимумды меңгеруге арналған жаттығулардан, жағдаяттық тапсырмалардан

құралған. Оқу құралының тақырыптық аясы кеңейтіліп, публицистикалық, көркем әдебиет стиліндегі мәтіндер, күнделікті тұрмыста жиі кездесетін жарнама мәтіндері, газет-журналдардағы сұхбаттар берілген. Сондай-ақ, тіл үйренуші сөздікпен өз бетімен жұмыс жасау арқылы сөздік қорын дамытады.

Әр сабақ тілдесімге бағытталған тапсырмадан басталады. Талқылауға арналған тапсырма арқылы тіл үйренуші өз ойын ортаға салып, бір мәселе төңірегінде жеке пікірін білдіруді үйренеді. Ал жағдаяттық тапсырмалар күнделікті өмірде жиі орын алатын жағдайларға сәйкес сөйлеу үлгісін меңгертіп, сөз саптауды үйретеді. Сипаттау үшін берілген суреттер тіл үйренушіні коммуникацияға жетелеп, тақырыпқа сай сөз таңдауға, көпшілік алдында сөз сөйлеуге дағдыландырады. Сабақтарда жеке тақырыпшаларға бөлініп берілген кванттелген мәтіндер тұтас мәтінді түсінуге көмектеседі. Бекітуге арналған тапсырмаларда қазақ тіліндегі сөйлемдердің құрылымына сәйкес реттік нөмірі көрсетілген. Бұл әдіс арқылы тіл үйренуші сөйлем құрылымын меңгеріп, айтпақ ойын жүйелі жеткізетін болады. Демек барлық тапсырмалар мазмұндық тұрғыдан коммуникацияға құрылғандықтан, құралды қолданушы тіл үйренуші ғана емес, коммуникант ретінде көрінеді.

10-11 тапсырмадан тұратын әр сабақтың жүктемесі 2 академиялық сағатқа (90 минут) есептелген. Тіл үйренуші 2 академиялық сабақта 23-25 сөзді меңгеріп, бір тақырып аясында сөйлеуге дағдыланады. Ал оқу-әдістемелік құралдың мультимедиялық нұсқасы пайдаланушыға аудио-жазбаларды тыңдап, тапсырмалар мен мәтіндерді ыңғайлы форматта орындауға қолайлы болмақ.

Құрал қай деңгейлерге арналған?

Лексикалық минимум бойынша тіл үйрену «қарапайым», «базалық», «орта», «ортадан жоғары» сынды деңгейден тұрады десек, тіл үйренуші «Қазақ сөзі. 1500 сөз» оқу-әдістемелік құралы арқылы ортадан жоғары деңгейді меңгеріп шығады.

«Қазақ сөзі» тіл үйрену мен үйрету барысын жеңілдетіп, қазақ тілін үйрету әдістемесі әлеміне жаңа леп алып келеді деп сенеміз!

I сабақ

ТІЛ ЖӘНЕ ҚАТЫНАС





1. Сөйлесейік.

А. Сіз көптен бері көрмеген досыңызбен кездестіңіз. Өз қуанышыңызбен бөлісіңіз.

Ә. Алдыңызда басқа ұлт өкілі тұр. Тек қазақша сөйлейді. Танысыңыз, аты-жөнін сұраңыз.

Б. Көшеде келе жатқансыз, алдыңызда бір кішкентай бала жылап тұр. Баламен сөйлесіңіз.

В. Досыңыз бүгін жаңалық ашып, үлкен жетістікке жетті. Досыңызды құттықтаңыз.



2. Мәтінді оқыңыз.

ЕКІ ӘЛЕМ

Мен қазақ тілін үйрену арқылы қазақ халқын таныдым. Қалай үйренгенімді білгіңіз келе ме? Онда айтайын...

Мен Қазақстанда өстім. Біз Жамбыл ауылында тұрдық. Ауыл адамдары тек қазақ тілінде сөйлейтін. Басқа тіл, басқа халық, басқа мәдениет. Қазақтың **әңгіме, ертегі, оқиғаларын** тыңдағанда, түсінбейтінмін. Өзім **жуас** болдым. Бірақ бір қызығы, менің орысшама балалар **мән бермейтін**. Мен орысша сөйлейтінмін, ал олар қазақша сөйлейтін. Біз бір тілде сөйлеген жоқпыз, бірақ бір-бірімізді көңілмен түсіндік. Олар маған достық сыйлады. Күні бойы қасымда жүрген, бірге ойнаған балалар маған қазақ сөздерін, **қайырымдылық** жасауды үйретті. Әр күні кешке үйге барғанда, қазақша сөйлеп ата-анамды таңғалдыратынмын. Мектепте қазақша сөйлеуге ұялмайтын болдым. Шашы сары, жуас Евгений қазақша сөйлегенде, балалар да, мұғалімдер де күлетін. Мен олардан қазақша сөздердің мағынасын сұрайтынмын. Ол сөздердің арасында **дөрекі** сөздер де, **сыпайы** сөздер де бар. Қазір Ресейде оқимын. Екі тілде де өте жақсы сөйлеймін. Енді мен орысша да, қазақша да ойлай аламын, өйткені екі әлемді таныдым.

Сұрақтарға жауап жазыңыз.

А. Евгений қазақ тілін қалай үйренді?

.....

.....

.....

Ә. Ол не үшін қазақ тілін үйренді?

.....

.....

.....

Б. Тіл білудің қандай пайдасы бар?

.....

.....

.....

Ет. + атын/-етін/-йтын/-йтін (еді) + жіктік жалғау

обозначает длительное, повторяющееся или привычное действие в прошлом

**Ол бұрын ағылшын тілінде жақсы сөйлейтін. – Он раньше
хорошо говорил по-английски.**

Ет. + ғанда/-генде/-қанда/-кенде

указывает на одновременное совершение двух действий

**Ол келгенде, мен үйде болған жоқпын. – Меня не было дома,
когда он пришел.**

**3. Жазыңыз.**

1. Мен күн сайын әжемнің ертегілерін тындаймын.
Мен кішкентай кезімде әжемнің ертегілерін тындайтынмын.
2. Ардақ ешқашан дөрекі сөздер айтпайды.
Ардақ бұрын _____ еді.
3. Балам әріптерді оқи алатын болды.
Осыдан 3 ай бұрын _____
4. Ол мектепке бара жатқанда үнемі жылайды. Барғысы келмейді.

5. Марат – білімді әрі сыпайы жігіт. Маған көп көмектеседі.
Марат – _____ болатын. _____
6. Гүлназ – әдемі әрі жуас қыз. Мен оны бала кезімнен бері ұнатамын.

7. Мен адамдардың айтқан сөзіне мән бермеймін.

8. Ол сенің сөздеріңе сенбей ме?
_____ бе еді?
9. Ол жаттығу залына бара ма?

10. Құрбыммен кездескенде, таңға дейін әңгіме айтамыз, тіпті мүлде ұйықтамаймыз.

11. Сен көмектеспесең, мен мына жұмысты бітіре алмаймын.



4. Талқылайық.

МЕН ҚАНДАЙМЫН?

Сөйлесіп тұрған адамның позициясынан, әрекетінен, мимикасынан бәрін байқауға болады. Себебі біздің дене мүшелеріміздің, **әрекетіміздің** бәрі ойымызбен, сөзімізбен **байланысты** болады. Денеміз де **қарым-қатынасқа** қатысады. Қуанғанда, ренжігенде, ашуланғанда, **тіпті** сөйлеп тұрғанда да қозғалыс жасаймыз. Мысалы, таңғалғанда аузымызды қолымызбен жабамыз. Ал енді өзіміздің әрекеттеріміз туралы айтайық.

Ардақ: Мен адамдармен сөйлесіп, өз **пікірімді** айтып тұрғанда, алдымда тұрған заттарды (кітап, қалам, тағы басқа) қозғап тұрамын. Өйткені адамдардан ұяламын. Ал бастығыма жұмыс бабын түсіндіргенде, үстелді немесе орындықты ұстап тұрамын. Бастығым **қатал**, қорқатын сияқтымын.

Әсел: Мен сөйлеп тұрғанда, қолымды **қалтама** салып тұрамын. Сонда өзімді сенімді ұстаймын. Ал кейбір адамдар сөйлесіп тұрғанда мұрнын, басын **сипап** тұрады. Ондай адамдарға сенбеймін. Меніңше, ол – өтірік айтып тұрған адамның әрекеті. Менің бір досым бар. Оның өз шашын сипайтын әдеті бар. Отырғанда, сөйлеп тұрғанда, ойланғанда, шашын сипап отырады. Оның себебін түсінбедім... Бірақ ол өтірік айтпайды.

Самат: Мен қарым-қатынас кезінде адамдардың істеген қозғалысына, мимикасына көп мән бермеймін. Бірақ өзім сөйлеп тұрғанда, көп қозғаламын. Сосын сөйлеп тұрғанда алақанымды ашып тұрамын. Бір кісі маған **өтірік** айтып тұрса, көзілдірігімді тазалаймын немесе басқа жаққа қарап тұрамын. Қызық...

Мен сөйлеп тұрғанда

.....
.....
.....

Менің әдетім

.....
.....
.....

Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Ардақ қандай жігіт?

Ә. Әселдің досының қандай әдеті бар?

Б. Самат қандай?



5. Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Кеше киноға барғанда, бір қызық оқиға болды.

2. Айжан Маратпен сөйлесіп отырғанда ешкімді естімейтін.

3. Мен Ардақпен жақсы араласатынымын.

4. Сен бала кезінде ешкімді тыңдамайтын едің.

5. Жантас ағай **дәріс** оқығанда, бәріміз тыныш отыратынбыз.

6. Сіз бұрын кездесуге кешікпейтін едіңіз. Сізге не болған?

7. Бұған дейін одан ештеңе сұрамайтынмын.

8. Ол қайырымдылық концерттеріне жиі баратын еді.

9. Самал бұрын да осындай біртүрлі ме еді?

10. Бұрын театрға көп баратын едік, иә?



6. Мәтінді оқыңыз.

Барлық жануарлар «иә» деп айта алады. Тіпті олар адамдармен қарым-қатынаста достықты, ашуды, ренішті, қуанышты сезеді екен. Ғалымдар: «Иттер адамдар сияқты барлығын сезеді», – дейді. Олар да дауыс, мимика, қозғалыс арқылы қоғаммен байланыс жасайды. Ал адамдардың ерекшелігі тіл арқылы қарым-қатынас жасауында. Сіз қалай ойлайсыз, жануарлар адамдарды қалай түсінеді?

.....

.....

.....

.....



7. Сіз не істейсіз?

1. Бастығыңыз көзілдірігін шешіп, үстелдің үстіне қойды. Бұл өте маңызды әңгіме болатын сияқты. Сіз қатты **қобалжып** тұрсыз. Бірақ оны көрсетпеуіңіз керек. Қандай әрекет жасайсыз?

.....

.....

2. Университет студенттері алдында дәріс оқып тұрсыз. Аудиторияда барлығы 15 студент бар. Оның екеуі арттағы орындықта ұйықтап отыр. Ал біреуі телефонмен

ойнап отыр. Үшеуі сізге қарап отыр. Екеуі тыңдап отыр. Бір студент есікке қарап отыр. Оларға не айтасыз?

.....

.....



8. Сипаттаңыз. Жиналыс қалай өтіп жатыр?



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Не придавай значение³ мнению² общества¹.

2. Оказывается⁴ у него¹ строгий³ характер².

3. Он¹ был⁶ вежливым² и³ кротким⁴ человеком⁵.

4. У всех¹ есть⁴ свои² привычки³, например⁵, в детстве⁶ мне⁷ нравилось¹⁰ танцевать⁹ перед зеркалом⁸.

5. Не употребляй, пожалуйста, грубых слов.
6. Айжан любила рассказывать детям сказки. Иногда даже играла с ними.
7. Я сильно волнуюсь, когда принимаю важные решения.
8. Данияр гладит своего ребенка по голове.
9. Продавец положил деньги в карман.
10. Почему вы мне лжете?



10. Сөздікпен жұмыс

Араласу	
Әңгіме	
Әрекет	
Байланыс	
Біртүрлі	
Дәріс	
Достық	
Дөрекі	
Ертегі	
Жуас	
Қайырымдылық	
Қалта	
Қарым-қатынас	
Қатал	
Қобалжу	
Мән беру	
Оқиға	
Өтірік	
Пікір	
Сезу	
Сипау	
Сыпайы	
Талқылау	
Тіпті	

II сабақ

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ





1. Сөйлесейік.

А. Сіз жаңалықтармен қандай ақпарат құралдары арқылы танысасыз?

Ә. Телесериал көресіз бе?

Б. Газет оқисыз ба?

В. Қандай теле, радиобағдарламалар ұнайды?

Теледидардың пайдасы...

1. Барлық жаңалықтарды біліп отырамын.

2.

3.

.....

.....

.....

Теледидардың зияны...

1. Барлық уақытым босқа өтеді.

2.

3.

.....

.....

.....



2. Мәтінді оқыңыз.

Жаңалық жоқ

1930 жылы 18 сәуір күні танымал BBC радиосында жаңалықтар бағдарламасының дикторы «бүгін ешқандай жаңалық жоқ» деп жариялаған екен. Жаңалықтың орнына фортепианомен ойналатын музыка қосыпты.

Төрт жылда бір-ақ рет шығатын газет

«La Bougie du Sapeur» атты француздың юморлық газеті төрт жылда бір-ақ рет, 29 ақпанда шығады. Бүгінге дейін 9 рет шығарылған. Онда әртүрлі **мазмұнда** әңгіме, **саясат**, әдебиет, мәдениет жаңалықтары мен қызықты ақпараттар жарияланып, маңызды **мәселелер** айтылады. Ең қызығы, газеттің әр нөмірінде кроссвордтар шығады, бірақ ол кроссвордтың жауаптарын төрт жылдан кейін ғана біле аласыз.

Өмірмен байланысты

Әлемге танымал «Life» журналының шығуы бір адамның өмірімен байланысты болған. 1936 жылы журналдың ең алғашқы нөмірінде Джордж Стори атты кісінің суреті жарияланып, журнал **айдарында** «Өмірдің басы» деген жазу жазылған. Содан кейін журналда Джордждың өмірінен суреттер, әңгімелер жарияланды. Қалай өсті, қалай оқыды, қалай үйленді, қалай жұмыс істеді – барлығы журналға шығарылған. Ол журнал 2000 жылы наурыз айында жабылған. Дәл сол жылы маусым айында

Джордж Стори ауырып қайтыс болған. Ал журналдың ең соңғы нөмірінде айдардың тақырыбына «Өмірдің соңы» деп жазылған екен.

Неге газет?

XVI ғасырда Италияда күн сайын жарияланатын ақпарат жазылған парақшаны алу үшін «газет» деп аталатын ақша төлеу керек болған. Яғни бір парақшаның бағасы – 1 газет. Содан бері ақпарат парақшасы осылай аталады.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. «Life» журналы неше жыл жұмыс істеді?

.....

Ә. «La Bougie du Sapeur» қандай газет?

.....

Б. Жаңалық болмаған күн...

.....

Ет. + ыл/-іл + ды/-ді

действия совершаются над объектом

Ол ас пісірді (Он приготовил еду). – Ас пісірілді (Еда приготовлена).

Жұмыс істедім (Я работал). – Жұмыс істелді (Работа выполнена).

если в основе глагола уже присутствует буква л:

Ет. + н + ды/ -ді

Жариялау (публиковать) – жарияланды (опубликован)

Ет. + ып/-іп/-п + беру

действия совершаются для другого лица или направлены на другого человека

алып беру – подать, оқып беру – прочитать для кого-то

Ет. + а/-й (-и)/-е + беру

действия совершаются повторно:

айта беру – говорить не переставая, келе беру – приходить без конца

оқи беру – читать не уставая



3. Жазыңыз.

1. Мен үйімді сатамын. – Үй сатылады.

2. Студияны тікелей эфирге дайындаймын.

3. Сағат 20:00-де менің сүйікті сериалымды көрсетеді.

4. Газетке жариялау үшін мақаланы орыс тіліне аударып жатырмыз.

5. «Абай жолы» роман-эпопеясын әлемнің 116 тіліне аударған.

6. Ол сайтқа қызық мақала жариялады.

7. Концертті кеш бастады, ерте аяқтады.

8. Бұл мерекеге шетелдік қонақтарды шақырдық.

9. Ол хатты Ардақ поштамен жіберді.

10. Оны жөндеу үшін **арнайы құралдар** сатып алу керек.



4. Мәтінді досыңызбен бірге оқыңыз.

Тележүргізуші: Қайырлы күн! Тікелей эфирде «Жеті күн» бағдарламасы. Қазіргі қоғамда **бұқаралық** ақпарат **құралдары (БАҚ)** ерекше рөл **атқарады**. Себебі маңызды ақпарат, **жарнама** мен **хабарландырулар баспасөз**, радио, телевизия сияқты медиа құралдар арқылы беріледі. Ал бүгінгі жаңалықты жарнамадан соң білесіздер!

Жарнама

Тележүргізуші: Бүгінгі эфирдің қонағы – режиссер Ақан Сатаев. Қош келдіңіз, Ақан **мырза**! Шығармашылығыңызда қандай жаңалық бар?

А.Сатаев: Сәлеметсіз бе, Айнұр **ханым**. Бізде жаңалық көп. «Анаға апарар жол» фильмі халықаралық «Оскар» сыйлығына **ұсынылды**. Үздік картина «Ұлттық кинематографиялық өнер және ғылым академиясының» «Тұлпар» сыйлығын алды.

Тележүргізуші: Бұл – еліміз үшін, қазақ өнері үшін үлкен жетістік. Ақан **мырза**, енді сізге сұрақ қояйын. Бүгінгі қазақ киносы туралы не айтасыз?

.....

Сұхбатты жалғастырыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....



5. Үлгі бойынша жазыңыз.

1. Сен **тапсырыс бере бер**, ал мен 10 минуттан соң келемін (пока закажи).
2. Менің қолым бос емес, (пока ты сам делай).
3. Бүгін маған әйелім француз тамағын (приготовила).
4. Әзірге осы компанияда жұмыс (буду работать).
5. Кітаптың мазмұнын, қатесін тексердім, енді баспаға болады (подготовить).
6. БАҚ өкілдеріне бұл оқиғаны (буду рассказывать).
7. Айжанға анасы телефон (купила/брала).
8. Мен осы сөзді қайта-қайта (говорю не переставая).
9. Ой, бағанадан аузың жабылмады, (не говори, пожалуйста).
10. Ардақ осы әнді қайта-қайта (слушает).
12. Қоғамдық орында отырсың, қызым. Босқа (не смейся).



6. Оқыңыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

ҚҰРМЕТТІ КӨРЕРМЕНДЕР! Сіздерді «Жайдарман» ойынын көруге шақырамыз. Жайдарманда «Назар аудар», «Күлтегін», «Арыс» командалары ойын көрсетеді. Сүйікті командаңызға жанкүйер болыңыз!

Өтетін орны: «Жастар» сарайы

Уақыты: 25 қазан, сағат 19.00

Билеттер интернет порталда және «Жастар» сарайының кассасында сатылады.

* жайдарман – квн

Өз үйіңізді сататыныңыз туралы хабарландыру жазыңыз.

.....

 бөлмесі
 бағасы
 орналасқан
 Байланыс телефоны

Енді өзіңіздің киім сататын дүкеніңізге жарнама жасаңыз.

.....

.....

.....

.....

.....



8. Сипаттаңыз. Балаларға интернет қалай әсер етеді?



8. Сіз не істейсіз?

А. Сіз «Хабар» телеарнасында тікелей эфирде отырсыз. Тақырып интернеттің пайдасы мен зияны туралы. Тікелей эфирде сізге өте дөрекі сөздер айтылды. Не істейсіз?

.....

.....

.....



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Это¹ сделано³ в Казахстане².

2. Вчера¹ в торгово-развлекательном центре³ «Ханшатыр»² открылся⁶ новый⁴ бутик⁵.

3. На конференцию¹ были приглашены⁴ профессора³ университета².

4. В Японии первый рекламный ролик был показан 28 августа 1963 года на канале Nippon Television.

5. На родительском собрании были обсуждены важные вопросы.

6. Статья была опубликована в СМИ.

7. Спой нам¹ песню про любовь.

8. Первый роман был переведён на казахский язык в 1998 году.

9. В 2003 году была издана вторая редакция романа.

10. Эти инструменты были куплены для вас.



10. Сөздікпен жұмыс

Айдар	
Арнайы	
Атқару	
Баспасөз	
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	

Жазу	
Жарнама	
Зиян	
Көрермен	
Құрал	
Мазмұн	
Мәселе	
Мырза	
Пайда	
Саясат	
Такырып	
Тікелей	
Ұсыну	
Хабарландыру	
Ханым	
Яғни	

III сабақ

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ





1. Сөйлесейік.

- А: Сіз оқырмансыз. Сүйікті **шығармаңыздың кейіпкері** туралы айтып беріңіз.
- Ә: Сіз ғалымсыз. Ғылымда телефонның, ұшақтың, интернеттің пайда болуы туралы айтыңыз. Олар бізге қандай жаңалықтар әкелді?
- Б: Сіз жазушысыз. Баспадан шыққан жап-жаңа кітабыңыз туралы айтып беріңіз. Мысалы, жаңа романыңыздың қалай жазылғаны, жалпы мазмұны туралы.
- В: Сіз қарапайым студентсіз. Қазіргі білім мен ғылым туралы өз ойыңызды айтыңыз.



2. Мәтінді оқыңыз.

ҒЫЛЫМ БІЗГЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚТАР ӘКЕЛДІ?

Қазір бәрі жылдам өзгереді. Өйткені білім мен ғылым дамып жатыр. Ғылым біздің өміріміздің өзгеруіне де **әсер етті**. Мысалы, 1928 жылы шотланд ғалымы Александр Флеминг пенициллинді ойлап тапты. Сол антибиотиктерді біз әлі де қолданамыз. Астрономия ғылымында Николай Коперник **бүкіл** әлемде «Күн – барлық планетаның орталығы» деген танымал **жүйесін** ашқанын бәріміз білеміз. 1664 жылы басына алма құлағаннан кейін, графитацияны ашқан Исаак Ньютонның арқасында барлық заттардың төменге **құлау** себебін білдік. Луи Пастер 1860 жылдары пастерлеуді* ашты. Содан бері бүгінгі азық-түліктер мен сусындар термиялық тазартудан өткізіліп, өнім сыртына «пастерленген» деген белгі қойылатын болды. Жер бетіндегі адамдарға XX **ғасырға** дейін күннің ыстық-суығына **шыдауға тура келді**. Өйткені кондиционер 1902 жылы ғана ойлап табылды. Ал әлем **сахнасында** басқа қандай жаңалықтар болды?

Марста су бар! Ал су бар жерде **тіршілік** бар. «Феникс» **ғарыш** аппараты Марстан су тапты. Талдау нәтижелері сұйық зат бар екенін **дәлелдеді**. Су бес сантиметр-жердентабылыпты. Сондықтан Марс әлі де зерттелетін болады.

Неандерталдықтар да емделген екен! Карен Харди мен Стефен Бакли заманауи техникалық құралдар мен **әдістер** арқылы бұрынғы адамдардың тістерін **зерттеді**. Химиялық **талдау қорытындысы** бойынша неандерталдықтар дәрілік **қасиеті** бар өсімдіктерді пайдаланған екен. Зерттеушілер: «Олар арнайы өсімдіктерден дайындалған тамақтар жеген», – дейді. Ал ондай тамақ дайындау үшін өсімдіктер туралы жеткілікті ақпарат білу қажет.

* Пастерлеу – пастеризация, пастерленген – пастеризованный

Ал сіз қандай жаңалықтар білесіз?

.....

.....

.....

.....

Ет. + ып/-іп + жіктік жалғау

обозначает действие, завершившееся в прошлом или до начала другого действия в прошлом, причём говорящий не был очевидцем этого действия или в его достоверности не уверен

Баяғыда бір шал болыпты. – Жил-был один старик.

Ет. + ып/-іп + болу

обозначает завершение действия

Мен кітапты оқып болдым. – Я прочёл книгу

Ет. + атын/-етін/-йтын + болу

обозначает «стать что-то делать» или «принятие решений»

Ол көп сөйлейтін болыпты. – Он стал много говорить.

Мен ол жерге баратын болдым. – Я решила пойти туда.



3. Жазыңыз.

1. Ардақ ұлттық кітапханаға көп бармайтын, қазір...

Ардақ ұлттық кітапханаға көп бармайтын, қазір **жиі баратын болыпты.**

2. Айжан бұрын барлық сөзімді тыңдайтын еді, қазір ...

3. Бұрын жарысқа қатыспайтын едің, биыл... ба?

4. Ол бұған дейін тамақ істей алмайтын еді, қазір?

5. Бала кезінде ет жейтін едің, қашаннан бері?

6. Сен жаттығу залына бармайтын едің, қашаннан бері?

7. Бұл кітапты оқуды 1 ай бұрын бастағанмын, бірақ бүгін ғана...

Бұл кітапты 1 ай бұрын бастағанмын, бірақ бүгін ғана **оқып болдым.**

8. Гүлназ үй тапсырмасын күні бойы жазып отырған, бірақ енді ғана...

9. Әйгерім тапсырмаларды ..., бірақ әлі эссе жазбады.

Әйгерім тапсырмаларды жазып болды, бірақ әлі эссе жазбады.

10. Мен саған жалпы оқиганы ..., бірақ ең қызығын әлі айтпадым.

11. Біз көрермендерге ғарыш туралы бірінші видеороликті..., енді екіншісін көрсетеміз.

12. Мен дүкеннен азық-түлікті..., енді көгөністер алуым керек.



4. Талқылайық.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

Ардақ: Мен кітап оқығанды қатты жақсы көремін. Бос уақытымда кітап оқимын. Кітап оқымайтын адамдарды түсінбеймін. Меніңше, кітап оқуға әрқашан уақыт табуға болады. Ол жай **сылтау** ғана. Өзім аптасына 1-2 кітап оқимын. Кітап дүкендерінен, интернеттен көрген, өзіме қызық кітаптарды сатып аламын. Мен қатты шаршағанда, көңіл күйім болмағанда, өлең оқимын, аудиокітаптар тыңдаймын. Сізге де кітапты көп оқуға кеңес беремін. Тек оқыған кітабыңыз өзіңізге пайдалы болсын.

Әсел: Кітап оқу ма? Менің кітап оқуға уақытым жоқ. Таңертеңнен кешке дейін жұмыста боламын. Бұрын әдеби кітаптарды көп оқитынмын. Оқыған романдарымның **кейіпкерлері**, олардың мінездері, оқиғалар әлі есімде. Кейде балаларыма айтып беремін. Әкемнің үстелінің үстінде үлкен жасыл кітап тұратын. Сол кітапты мен де оқығанмын. Ол «Абай жолы» кітабы болатын. Бір кітап оқысаң, көп нәрсе түсінесің. Ал қазір жұмыс қана...

Самат: Маған кітап оқыған ұнамайды. Достарымнан ұялып, бір-екі рет кітап сатып алдым. Қанша кітап бастадым, бірақ екінші беттен әрі қарай шыдамадым. Бұрын мектепте мұғалім сабақсұрағанда, роман, повестердің мазмұнын достарым алдын ала айтып беретін. **Шығарма** жазғанда, сыныптағы жақсы оқитын қыздың дәптерінен көшіріп беретінмін. Солай мектеп бітірдім...


Ал мен

.....

.....



Суретті сипаттаңыз. Суретке тақырып қойып, әңгіме құрастырыңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

! С помощью суффикса -хана образуются названия помещений: *асхана, дәріхана, зертхана, шеберхана, емхана, кітапхана, баспахана, аурухана.*



6. Мәтінді оқыңыз.

ШЕБЕРХАНАДА

Баяғыда Қожанасыр бояу шеберханасын ашыпты. Шеберханаға келген адамдардың бірі Қожекенді **мазақтағысы** келіп: – Қожеке, мына бір затты ешкім естімеген, ешкім көрмеген, яғни қара да емес, ақ та емес, көк те емес, қызыл да емес, сары да

емес, жасыл да емес, қоңыр да емес, **сұр** да емес, бір түспен бояп берші, – дейді. Қожанасыр оның мазақтағанын бірден түсінеді: – Жарайды, солай істеп беремін. – Қашан келейін? – дейді. Өзіңе ыңғайлы уақытта келе бер. Бірақ сен аптаның дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі күндері келме, – депті Қожанасыр.

«ТАМАҚТЫ ШАПАНЫМ ЖЕСІН!»

Баяғыда біреу той жасапты, тойға көп кісі жиналыпты. Қожанасыр да келіпті. Қожанасырдың үстіне киген киімі жаман екен. Қожанасырға ешкім мән бермепті, тіпті тамақ ішуге шақырмапты. Сосын ол үйіне барып, әдемі киімдерін киіп, қайтадан келеді. Бұл жолы үйдің иесі Қожанасырды құрметтейді, жақсы жерден орын береді, ет келгенде: – Қожеке, алыңыз, алыңыз! – деп құрмет көрсетеді. Қожа етті қолымен жемепті, оның орнына тамаққа шапанын салып: – Же, шапаным, же! – депті. Үй иесі: – Сіз не істеп жатырсыз? Шапан ет жейтін бе еді? – дейді. Сонда Қожа: – Сен кісіні емес, киімді сыйлайды екенсің. Сондықтан тамақты шапаныма беріп отырмын! – деп жауап береді.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Қожанасыр қандай адам?

.....

Ә. Шеберханаға қай күні бару керек?

.....

Б. Қожанасыр неге бір үйге екі рет барды?

.....



7. Сіз не істейсіз?

А. Сіз байқауға қатысып жатырсыз. Сахнада тұрып, өз өлеңіңізді керемет бастадыңыз. Бәрі сізге риза. Бір кезде өлеңнің сөзін ұмытып қалдыңыз. Бұл жағдайда не істейсіз?

.....

.....

Ә. Сіз физика саласы бойынша керемет жаңалық аштыңыз. Барлығын компьютерге жазып, формулалармен түсіндіріп, талдап болдыңыз. Енді тек қорғау керек. Бір

кезде компьютеріңіз сөніп қалды. Құжатты басқа еш жерге сақтамағансыз. Енді не істейсіз?

.....

.....



8. Қажетті сөйлемді жазыңыз.

А. – Бүгін Айжан үйге келетін болды ма?

–

Ә. –

– Иә, қазір жеңілдіктер жасамайтын болыпты.

Б. –

– Жоқ. Бұл аптада уақытым жоқ. Ешқайда бармайтын болдым.

В. – Сіз ауылға қай күні қайтатын болдыңыз?

–



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. В давние времена¹ жил⁵ мудрец⁴ по имени³ Жиренше шешен².

2. Почему¹ сразу³ не сказал⁵ мне⁴ это²?

3. Мы¹ писали⁹ сочинение⁸ на тему⁷ «Мой⁴ любимый⁵ персонаж⁶ в творчестве³ Б.Сокпакбаева²».

3. Благодаря³ современной¹ технологии² в сфере⁵ науки⁴ используются⁸ новые методы⁷ исследования⁶.

4. Британские учёные доказали существование Санта-Клауса через теорию Эйнштейна.

5. Какие методы были использованы для получения³ этих¹ выводов²?

6. Весь мир – театр, а люди в нем актеры.

7. Пожалуйста, введите свой логин и пароль для входа в систему.

8. М.Жумабаев – один из лучших казахских поэтов XX века.

9. Он пришел поздно, поэтому мне пришлось подождать его.

10. Как⁴ курение влияет на здоровье человека?

11. Сделайте морфологический разбор слова¹.

12. Вы издеваетесь надо мной?




10. Сөздікпен жұмыс

Әсер ету	
Баяғыда	
Бүкіл	
Бірден	
Ғарыш	
Ғасыр	
Дәлелдеу	
Жүйе	
Заманауи	
Зерттеу	
Кейіпкер	
Көркем	
Қасиет	
Қорытынды	
Құлау	
Мазактау	
Өлең	
Сахна	
Сұр	
Сылтау	
Талдау	
Тура келу	
Тіршілік	
Шыдау	

IV сабақ

БАЛАЛЫҚ ШАҚ





Сөйлесейік. Берілген сөздерді пайдаланып,
сөйлем құраңыз.

Бұзық **БАЛАЛЫҚ ШАҚ** кішкентай кезімде Жуас **ақкөңіл** ақылды
корқақ **Әлі есімде** жомарт батыр қызық **ата-әже** ауыл **ерке**
еркелеу төбелесу **ұмытып қалдым** ал қазір **қала**

.....

.....

.....

.....

.....

.....



2. Мәтінді оқыңыз.

ЖАС АТА

Менің атам Асанбай **кәдімгі** аталарға қарағанда, мүлде басқа адам. Өзіне «ата» десек, ұнатпайды. Атын айтқанымызды қалайды. Үйге келген достарыма ұзақ-ұзақ әңгімелер, **әзіл** айтады. Бірақ ол үлкен кісілер айтатын «Біз бұрын ондай емес едік, ол кезде бұдан жақсы еді» деген сөздерді айтпайды. Біз не туралы айтып отырсақ, сол әңгімеге қосылып отырады. Интернет, жаңа фильмдер, жаңа альбомдар, әнші-актерлерді менен жақсы біледі. Бір күні менің инстаграм парақшама өзінің **әткеншек** теуіп отырған суретін салыпты. Парақшамдағы ең танымал сурет болды. Мен одан: «Менің жасым әлі 17-де, бірақ сізден тез шаршаймын, сіздің осындай **қуатыңыздың**, жас көрінуіңіздің қандай **құпиясы** бар?» – деп сұрағанымда: «**Демек** мен өзімді сендерге қарағанда әлдеқайда жас сезінемін» – деп жауап берген еді. Әлі есімде, кішкентай кезімізде балмұздақ, тәтті сұрасақ, бірден велосипедіне **мініп**, дүкенге кететін. Менен 53 жас үлкен адамға ұқсамайды. **Іші пысса**, кітап оқиды. Атам көп біледі және бізге ақылын айтып отырады.

Өзі қызық адам. Бір күні үйде шай ішіп отырғанбыз, апам хабарласып тұр: атамыз **аяқ астынан** ауылдан мәшинемен 2 сағат баратын апамның үйіне велосипедпен кетіп қалыпты. Таксимен келдім деп барлығын **алдап** жүр...

Менің атам – керемет адам. Атама қарап, қанша жыл өмір сүргеніңіз емес, қалай өмір сүргеніңіз маңызды деп ойлаймын. Ең бастысы, көңіліңіз жас болсын!

Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Асанбай қандай ата?

.....

Ә. Асанбай ата неше жаста?

.....

Б. Жас көрінудің құпиясы неде деп ойлайсыз?

.....

Ет. + ын/-ін/ -н + жіктік жалғау

действие совершает субъект над самим собой

Таңертен жуын, киін, тамақтан. – Утром умойся, оденься, покушай.

Ет. + ып, -іп + қалу

показывает совершенные действия и обозначает неожиданность, мгновенность

қуанып қалды – обрадовался, бітіп қалды – закончилось

изменение плана действий, изменение состояния объекта

Мен кездесуге кешігіп қалдым. – Я опоздал на встречу.

Ол баспалақтан құлап қалды. – Он упал с лестницы.



Мағынасы сәйкес келетін етістікті таңдап, қажет формада жазыңыз.

1. Айжан айнаның алдында боянып тұр.
2. Дала суық, жылы
3. Таңертең тұрдым, сосын таңғы ас іштім.
4. Сендер күтіндер. Мен киімдерімді ауыстырып келейін.
5. Бұл жерден маған ештеңе
6. Айжан шашын жуған. Енді
7. Ойыма ештеңе келмей тұр. Бұл туралы асықпай
8. Мәссаған Олар маған өтірік айтыпты.
9. Ертең дәріске келе алмаймын. Мұғалімнен керек.
10. Біз бұзық болғанда, анам қатты
11. Ардақ өз жетістіктерін айтып,
12. Кеше ерте жатып қалғанмын, бүгін сағат 10.00-да



4. Талқылайық.

БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ

Ардақ: Менің балалық шағым қалада өтті. Анам мен әкем жұмысқа кеткенде, үйде жалғыз қалатынмын. Көршілердің үйінде ойнап, тамақ ішіп, тіпті кейде ұйықтап қалатынмын. Сол үйдің балаларымен ойнатынмын. Олардың анасы менің де анам сияқты еді. Бір нәрсе **бүлдірсем**, ештеңе айтпайтын, жай ғана басымнан сипайтын еді. Кейін ата-анамды іздемейтін де болдым. Кейде «Осы үйдің баласы болсам ғой...» – деп ойлайтынмын.

Ақан аға: Көп нәрсені ұмытып қалдым. Бірақ сен кішкентай кезіңнен ән айтқанды жақсы көретінсің. Қолыңа қиярды микрофон сияқты ұстап, ән айтатынсың. Көшеде балалар жылап жатқанын көрсең, сен де жылап қалатын едің. «Анау не? Мынау кім? Анау неге ондай?» – деп сұрай беретінсің. Сонда барлығы: «Осы баладан бірнәрсе шығады» – деп мақтайтын. Тілің де тәтті болды, «р» дыбысын айта алмайтынсың. Қысқасы, ерке бала болдың ғой!

Мөлдір: Ол бала кезінде өте бұзық болды. Атасы мен әжесі қатты еркелететін. Таңертеңнен кешке дейін **жалаңаяқ** көшеде ойнайтын. Кейде жоғалтып алатынбыз. Бүкілауыл соны іздейді. «Қайда болдың?» – деп ұрысатынбыз. Сонда ол **өзінше** болып: «Маңызды жұмыстарым болды» – дейтін. Үйіміз теміржолдың жанында болды. Пойыз өткенде, үстінен тас лақтырады, балалармен төбелеседі, қой, сиырлардың қасында отырып ұйықтап қалады... Қызығы көп. Мектепке де әрең үйренді. Таңертең оятсам: «Ой, сабаққа кеше бардым ғой, күнде бара беремін бе?» – деп ашуланатын. Оған бәріміз күлетінбіз. Сол бұзық баланы басшы болады деп кім ойлаған?

Сіз бала кезіңізде қандай болдыңыз? Есіңізде қандай **естеліктер** қалды?

.....

.....

.....

.....

БАЛА БОЛСАҢ ...

1. **Рақат**, ештеңені уайымдамайсың.

2.

3.

.....

.....

Сіздің балаңыз өзіңізге ұқсай ма?

.....



5. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Бұл жаңалықты естіп қуанып қалдым.

2. Ардақ, Айжан саған ренжіп қалыпты.

3. Сонда мен жалаңаяқ жүремін бе?

4. Телефоныңның қуаты бітіп қалды ма?

5. Маған сол дүкендегі бір көйлек ұнап қалды.

6. Ардақ, баспалдақтан абайлаңыз, **әйтпесе** құлап қаласыз.

7. Данагүл электронды поштасының паролін ұмытып қалыпты.

8. Анам кеше ерте жатып қалды.

9. Телефоның істемей қалған ба?

10. Шығармаңызда бірнеше қате бар екен. Оқып отырғанда байқап қалдым.

11. Самат та келген еді, бірақ аяқ астынан кетіп қалды.

12. Айжан, сіз тыныш отырыңыз, әйтпесе ұрысып қаламыз.



6. Мәтінді досыңызбен бірге оқыңыз.

МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖА

Жоғарыда сары шашты Ахметов отыр. Түрі өрт сөндірген адам сияқты, қатал. Оң жақта Майқанова отыр. Ахметов сөйледі:

- Берірек кел, Қадіров, сені мұнда не үшін шақырдық, білесің бе?
- Білемін.

- Не үшін шақырыппыз?
- **Тәртіпсіз** оқушы болғаным үшін шақырдыңыздар.
- Сенің бұл мектепте оқығың келмей ме?
- Жоқ, оқығым келеді.
- Ендеше неге бұзық боласың?
- Қоямын, енді кешіріңіздер...
- Бұл нешінші... Неше рет уәде бердің?.. Шығып, есік алдында күте тұр! – деді.

Шықтым. Біраздан соң Майқанова мен Ахметов те шықты.

– Қадіров – **түбінде адам болатын бала**.

– Иә... – деп колдады Ахметов. Қожа екі қолымен басын ұстап:

– Мәссаған, мен Майқанованы **жек көріп** жүрмін. Ал ол мені «түбінде адам болатын бала» деп, директорға мақтап бара жатыр. Жоқ, болды енді, жетеді! Менен бәрі шаршады. Бұдан былай ешкімге **тиіспеймін**, тыныш жүремін, дөрекі сөздерді ешқашан айтпаймын. Бүгіннен бастап мен өз болашағын ойлайтын, «тәртіпті Қадіров Қожа» деген оқушы боламын деп уәде беремін сіздерге.

Түбінде адам болатын бала қандай бала?

.....

.....

.....

! Интернеттен «Менің атым – Қожа» фильмін көріңіз.



7. Суреттегі балалық шақты сипаттаңыз.



**8. Сөздерді мағынасы бойынша сәйкестендіріңіз.**

- | | |
|--------------|--|
| 1. Әлдеқашан | ☐ күш, энергия |
| 2. Құпия | ☐ ойнауға арналған нәрсе |
| 3. Бұзық | ☐ күлу үшін айтылатын сөз |
| 4. Рақат | ☐ аяқкиімсіз |
| 5. Әткеншек | ☐ не істерін білмеу, жұмысы жоқ болу |
| 6. Әзіл | ☐ ешкімге айтылмайтын әңгіме |
| 7. Бүлдіру | ☐ ерке, барлығын бүлдіретін бала |
| 8. Жалаңаяқ | ☐ біраз уақыт бұрын |
| 9. Қуат | ☐ жағдайы жақсы, уайымсыз болу |
| 10. Іші пысу | ☐ істі дұрыс істемеу, қоқыс тастау |

**9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.**

1. Как⁴ вы¹ балуете⁵ своих² детей³?

2. Он¹ никого² не трогал³.

3. Это¹ же⁴ просто² шутка³. Ты¹ на это² обиделся³?

4. Ты¹ не выполнил⁴ свое² обещание³. Значит¹ я² обманул³.

5. Оказывается⁵ он¹ не придет сегодня на работу. Кажется, заболел.

6. Для входа в систему¹ необходимо указать секретное слово.

7. Санжар – избалованный мальчик.

8. Давайте все сфотографируемся на память.

Кәне, _____

9. Вы любите играть на качелях как дети?

10. Какой² ты¹ хулиганистый мальчик, а? Ну-ка, быстро садись на машину.

11. Смотри не проспи, а то все портишь.

Байқа, _____

12. Айналайын, нельзя же драться с младшим братом.



10. Сөздікпен жұмыс

Алдау	
Әзіл	
Әйтпесе	
Әлдеқашан	
Әткеншек	
Баспалдақ	
Бұзық	
Бүлдіру	
Демек	
Ерке	
Еркелеу	
Естелік	
Жек көру	
Кәдімгі	
Қуат	
Құпия	
Міну	
Өзінше болу	
Рақат	
Тәртіпті	
Тиісу	
Төбелесу	
Іші пысу	

V сабақ

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!





1. Сөйлесейік. Мерекелер туралы айтайық.

- ◆ Мереке
- ◆ Мерекеге дайындалу
- ◆ Мерекеге арналған киім
- ◆ Дастарқан дайындау
- ◆ Тойлау
- ◆ Құттықтау



2. Мәтінді оқыңыз.

Жалқаулар күні. Колумбия

Колумбияда ерекше демалыстар бар. Соның бірі – Жалқаулар күні. Мереке «Жалқаулар **құқығы** үшін...» деген девизбен өтеді екен. Жыл сайын 20 тамыз күні колумбиялықтар көшеге өз дивандарын, кереуеттерін шығарады, сосын күні бойы сонда жатады. Ол күн – Колумбияда ресми демалыс күні. Итагуи – **өнеркәсіп** қаласы. Яғни бұл – сол **жұмысбасты** халықтың ойлап тапқан мерекесі. **Дүниежүзілік** жалқаулар күнінің мақсаты – уайыммен, стресс пен шаршау синдромымен күресу.

Апельсин, Италия

Италияның Иврей қаласының тұрғындары жыл сайын ақпан айының дәл ортасында тәуелсіздік үшін күрес өткізеді. Иә, дәл солай! Тәуелсіздік үшін! Жыл сайын өткізілетін бұл күрес әлем халықтарына «апельсиндер **соғысы**» деген атаумен танымал. Өйткені қатысушылар өздерінің шағын «соғыстарына» бір ғана **нәрсе** қолданады, ол – апельсин. Мереке тарихы орта ғасырлардан басталады. Бұл мерекеде көбі ақ киімдер киеді, тәтті тағамдар жасалады. Айтпақшы, егер сіз бұл мерекеге қатысқыңыз келмесе, үш күн бойы қызыл баскиім киіп жүруіңізге тура келеді.

Гүлдер шеруі. Голландия

Жыл сайын қыркүйек айының бірінші демалысында Алсмер қаласының бас көшелерінде гүлдер шеруі өтеді. Шеруге музыканттар, бишілер, әншілер қатысады. Кемелер мен көліктердің барлығы миллион гүлдермен **безендіріледі**. Көшелерде хризантема, лилия, **раушан** және голландияның символы болып есептелетін **қыз**

ғалдақтан жасалған ертегі кейіпкерлері, жануарлардың мүсіндері қойылады. Бұл – халыққа ерекше қуаныш сыйлайтын мереке.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Колумбияда жалқаулар құқығы қалай қорғалады?

.....

Ә. Дүниежүзілік жалқаулар күнінің мақсаты қандай?

.....

Б. Апельсин фестивалі қашан пайда болған?

.....

В. Гүлдер шеруі қалай өтеді?

.....

Ет. + -ып/-іп/-п + алу + жіктік жалғау

действия совершаются для себя, результат направлен на действующее лицо

Сен одан бәрін сұрап ал. – Ты всё у него спроси.

Біздің мекенжайды жазып алмадыңыз ба? – Вы не записали наш адрес?

Түбір + ғы/-гі/-қы/-кі

образуются прилагательные

Бүгінгі жаңалықтар – сегодняшние новости

Соңғы қоңырау – последний звонок

Қысқы етік – зимние сапоги

используются для образования прилагательных, которые показывают расположение предмета в пространстве, в этом случае следуют после окончаний местного падежа

Астанадағы үй – дом, который находится в Астане

Абай даңғылындағы үй – дом, который находится на проспекте Абая



3. Жазыңыз.

демалып алу / сұрап алу / сатып алу / тауып алу / ішіп алу / күтіп алу /
біліп алу / оқып алу / жазып алу / ұтып алу / жоғалтып алу / дайындап алу

1. Ертең пойыздан түсеміз. Бізді кім ..?

.....

2. Дәрілерінді тамақтың алдында ...

.....

3. Менің қызым сіздің сөмкеңізді ... / Маған әкеліп берді.
.....
4. Жолда жейтін тамақтарды алдын ала ... керек.
.....
5. Айжан жеке куәлігін Қайтадан құжат тапсырып жатыр.
.....
6. Құттықтаймын. Сіз жарыстан сертификат ...
.....
7. Бағанағы қыздың атын ... ба?
.....
8. Жолға шығасың ғой. Ұйықтап ...
.....
9. Хатты кімге беретініңді Ардақтан ...
.....
10. Сен бірінші өзің кітапты ... Сосын мен аламын.
.....
11. Самат Мегадағы «Адидас» дүкенінен спорттық костюм ...
.....
12. Бір паракка ... ба? Мен телефоннан айта берейін.
.....



6. Мәтінді оқыңыз.

БІЗДІҢ МЕРЕКЕЛЕРІМІЗ

Мерекелер туралы айтайық. Қазақстанда ресми мереке көп. Қазақтар – тойды, мерекені жақсы көретін халық. Мысалы, жылдың басында жаңа жылды қарсы аламыз. Наурыз айында «Халықаралық әйелдер мерекесі», сонымен бірге, ұлы Наурыз мерекесі бар. Ол күні халық ұлттық киімдерін киіп алып, жыл басын қарсы алады, жаңа жылды тойлайды. Мамыр айы «**Бірлік** күнінен» басталады. Бұл күні **бейбітшілік** туралы ән айтылады. Мереке «Жеңіс күніне» жалғасады. Жеңіс күнінде Ұлы **Отан** соғысы **ардагерлерін** құттықтап, ел **батырларының ескерткіштеріне** барып, гүл қоямыз. Мерекеді концерттер, **әскери** шеру өткізіледі. Жазда «**Астана** күнін» күтеміз. Бұл мерекеге Қазақстандағы басқа облыстар мен қалалардан қонақтар келеді, қыдырады. Негізі барлық мереке ұлт тарихымен байланысты болады. Мысалы, Конституция күні, Тәуелсіздік күні және **Рәміздер** күні. Оларды білу, құрметтеу – біздің **міндетіміз**. Дүниежүзілік білім күні де – ерекше күн. Ол күні барлық балалар мектепке барып, алғашқы **қоңырау соғылады**. Биылдан бастап 5 қыркүйекте тілдер күнін тойлайтын болдық. Жыл сайын мұсылман халқы «Айт мерекесін» тойлайды.

Бұл мереке ораздан* кейін болады. Айт күні бір-бірін өз бауырындай сыйлап, ел үшін, отбасы үшін тілек тілейді.

* ораза – пост

Түбір + дай/-дей, -тай/-тей, -лай/-лей

образуют слова которые, отвечают на вопросы **калай? қандай?**

Біз бұрынғыдай араласпаймыз – Мы не общаемся как раньше

Айдай сұлу – Красивая как луна

5. Сөздердің мағыналарын сәйкестендіріңіз.

- | | |
|---------------|---|
| 1. Бірлік | ☐ бас қала |
| 2. Жұмысбасты | ☐ туған жер |
| 3. Қызғалдақ | ☐ қуаныш, көңіл күй |
| 4. Отан | ☐ ту, гимн, герб |
| 5. Батыр | ☐ достық, бейбітшілік |
| 6. Заң | ☐ жұмысы көп адам |
| 7. Астана | ☐ гүлдің бір түрі |
| 8. Рәміздер | ☐ бәріне ортақ құжат, ереже |
| 9. Өнеркәсіп | ☐ ел қорғаған азамат |
| 10. Күлкі | ☐ өнімдер дайындайтын орын |



6. Талқылайық.

СІЗГЕ ҚАНДАЙ МЕРЕКЕ ҰНАЙДЫ?

Гүлназ: Мен үшін барлық мереке маңызды. Алдын ала сыйлықтар сатып аламын. Әр мереке сайын достарымды, туыстарымды, таныстарымды құттықтаймын. Мереке күні үйлеріне барып, бірге тойлаймын. Олар да мені жақсы көреді. Хабарласпай қалсам, іздейді. Әр мереке жақсылық әкеледі. Халықаралық әйелдер мерекесінде анама, апаларыма арнайы тілек дайындап аламын, видео жіберемін.

Ақан аға: Маған Наурыз мерекесі ұнайды. Ұлттық мереке келгенде, қар еріп, күн жылиды. Халық ерекше көңіл күйде болады. Бұл күні неше түрлі ойындар ойналады, ән айтылады, би биленеді. Тамақтарды айтсаңызшы, «Наурызда» әйелдер бауырсақ, *наурыз көже сияқты ұлттық тамақтарды дайындайды. Құрт, қазы жейміз, қымыз, шұбат ішеміз. Наурызды бір ай тойлаймыз.

Ардақ: Маған ешқандай мереке қызық емес. Мереке үшін арнайы дайындалмаймын. Үлкен мерекелерде қонаққа шақырса, барамын, тілек айтамын, қайтамын. Туған күн, әйелдер мерекесі, күлкі күні сияқты мерекелерде достарыма бір сылтау айтып, үйде демаламын. Тіпті жаңа жылда да ерте жатып, ұйықтап қаламын.

** наурыз көже – кушанье, коже, специально приготовляемое во время весеннего Наурыз*

Ал сіз мерекеге қалай дайындаласыз?

.....

.....

Қандай сыйлықтар ұнайды?

.....

.....



7. Жазыңыз.

Батырлар – Олар да **батырлардай** ел қорғады.

Ардақ _____

Осы _____

Сол _____

Гүл _____

Сен _____

Кешегі _____

Бүгінгі _____

Біздің үйдегі _____

Қазақ _____

Абай айтқан _____

Ақша _____

Сөздерді пайдаланып сөйлем құраңыз, мерекеге тілек жазыңыз.

.....

.....

.....



Сипаттаңыз. Бұл қандай мереке?

Достарыңызды мерекемен құттықтаңыз.



.....

.....

.....

.....



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Уважаемые¹ казахстанцы²! Поздравляю⁶ вас¹ с праздником⁵ всех³ мусульман⁴ мира²!
Курбан айт¹ – это² праздник⁷ гуманизма³, милосердия⁴ и⁵ благотворительности⁶.
2. Прочитайте⁴ роман³ Л.Толстого¹ «Война и мир»².
3. Пусть⁶ Новый год¹ вам² принесет⁶ _____
Здоровье³ и⁴ удачу⁵, _____
Пусть⁵ разрешаются⁵ легко⁴ _____
Все¹ трудные² задачи³! _____
4. Наурыз считается началом нового года у народов Центральной Азии.
5. 9 мая на площади собираются ветераны Великой Отечественной войны.
6. Памятник народному герою Бауыржану Момышулы расположен в городе Тараз Жамбылской области.

7. Пусть в нашей стране будет мир и единство.

8. Как запросить единицы у другого абонента activ?

9. Мой сын идет в армию.

10. Международная презентация новой столицы прошла 10 июня 1998 года.

11. Какие цветы дарить женщинам 8 марта? Тюльпаны или розы?

12. У Вас нет прав на это. Вы читали законы о защите прав?



10. Сөздікпен жұмыс

Ардагер	
Астана	
Әскер	
Батыр	
Безендіру	
Бейбітшілік	
Бірлік	
Дүниежүзілік	
Ескерткіш	
Жұмысбасты	
Заң	
Күлкі	
Қонырау	
Құқық	
Қызғалдақ	
Мүсін	
Міндет	
Нәрсе	
Отан	
Өнеркәсіп	
Раушан	
Соғу	
Соғыс	
Шеру	

VI сабақ

САУДА ЖАСАЙЫҚ





1. Сөйлесейік.

- А. Азық-түлікті, тұрмыстық заттарды сатып алуға қаншалықты жиі барасыз?
 Ә. Алатын заттардың тізімін алдын ала жасайсыз ба?
 Б. Тұрмыстық заттарды қайдан сатып аласыз?
 В. Қалай **төлем** жасайсыз?

Мен карточка арқылы төлем жасаймын...

1. Себебі бұл өте тиімді.
2. Себебі уақыт үнемдеймін.
3.
-
-
-

Мен ақшаны қолма-қол төлеймін...

1. Өйткені солай үйреніп қалғанмын.
2.
3.
-
-
-



2. Мәтінді оқыңыз.

КУПОН АРҚЫЛЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҮНЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

Алғашқы қағаз купондар АҚШ-та 1888 жылы пайда болған. Адамдар оларды 1 стакан кока-колаға айырбастаған. Ұлы депрессия кезінде купондарды қолданушылардың саны өскен. Мысалы, 1965 жылы американдық отбасылардың жартысы купонның көмегімен ақша үнемдеген. Тіпті 2002 жылы американдықтар купонның көмегімен 3,8 млрд доллар үнемдепті. Үнемдеу идеясы қазір де бар.

Татьяна Доданова

үй шаруасындағы әйел

АҚШ-та 15 жыл тұрған ресейлік әйел Татьяна купонмен сауда жасап үйренген. Ол басында **жаялықты** арзан бағамен сатып алған. Осыдан кейін Татьяна купонды жиі қолдана бастады. Қазір ол **сабын**, **гель**, **сусабын**, **дәретхана** қағазы, **кір жуатын ұнтақ** сияқты **қажетті** заттардың бәрін купон арқылы сатып алады.

Жандарбек

мемлекеттік қызметкер

Жандарбек 5 жыл бұрын купонды қолдана бастаған. Оның купонды қолдануына **қырынуға** арналған заттар бағасының өте қымбат болуы себеп болды. Ол **орамал**,

желім сияқты заттарды сыйлық ретінде алатын болған. Бірақ Жандарбек басқа жұмысқа ауысты. Қазір ол купондарды көп қолданбайды.

Дженни Мартин

тәрбиеші

Дженнидің 5 қызы бар. Сондықтан тоңазытқышы бос тұрмауы керек. Дженни ақша үнемдеу үшін купондарды пайдаланады. Статистика бойынша төрт адамнан тұратын американдық отбасы азық-түлікке аптасына 250 доллар жұмсайды. «Біз айына 75 доллар ғана жұмсаймыз. Кейде тіпті одан да төмен болуы мүмкін. Мен көбінесе балаларыма дәптер, желім, **өшіргіш**, **сызғыш** сияқты заттарды төмен бағамен алып қоямын. Сауда жасағанда тек қажетті заттарды ғана алуға тырысамын», – дейді Дженни.

Айтыңыз.

- А. Татьяна купо нарқылы қандай заттар алады?
- Ә. Жандарбектің купонды қолдануына не себеп болды?
- Б. Қалай ойлайсыз, купонның пайдасы бар ма?

Ет. + ыс/-іс/-с + жіктік жалғау
обозначает совместное действие

Біз бір-бірімізді танимыз (Мы знакомы друг с другом). –
Біз кеше таныстық (Мы вчера познакомились).



3. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

- А. Айжан екеуміз таңға дейін сөйледік/сөйлестік.
- Ә. Анаңмен хабарластың/хабарладың ба?
- Б. Сен ол айтқан сөздердің мағынасын түсіністің/түсіндің бе?
- В. Мен кешеден бері осы жұмысты ойлап жүрмін/ойласып жүрмін.
- Г. Марат Айжанды таныспайды/танымайды.
- Ғ. Қыз бен жігіт сөйледі/сөйлесті.
- Д. Ол бізге үй салды/салысты.
- Ж. Жанар анасына үй жинасты/жинады.
- З. Самал маған торт пісірді/пісірісті.
- И. Ол Майраға ыдыс жуысты/жуды.



4. Жарнама жазып үйренейік.

ЖАРНАМА

Сіздің тиімді сауда жасағыңыз келе ме? Онда бізге келіңіз!

15-18 қараша аралығында «КеңМарт» дүкендер желісінде кез келген тауарды 10% жеңілдікпен сатып ала аласыз.

Мекенжайымыз: Астана қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 11

Сусабынға немесе кір жуатын ұнтаққа жарнама жасаңыз.

.....

.....

.....



5. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Мен досыммен скайп арқылы сөйлестім.

2. Осы үйді біз салысқанбыз.

3. Ертең Самалға көйлек таңдасамын.

4. Өткен аптада Серікке кітаптарды басып шығарыстым.

5. Еттің бағасы **қымбаттаған** жоқ.

6. Бұл мәселені жиналыстан кейін ақылдасайық.

7. Мен инстаграм парақшамда жаңа жазбаны бөлістім.

8. Жолда бір апайдың сөмкесін **көтерістім**.

9. Базарда алманың бағасы **арзандап** па?

10. Бір сөмкеңді маған бер, саған көмектесейін.

Ет. + ып/-іп/-п көру + жіктің жалғау

означает пробовать что-либо делать

Етікті киіп, ары-бері жүріп көріңіз.

(Оденьте сапоги и попробуйте походить туда-сюда)

Көйлекті киіп көресің бе? (Ты примеришь платье?)

Мен сауда орталығына жалғыз барып көрген жоқпын.

(Я не пробовала ходить на торговый центр одна)



6. Диалогті оқыңыз.

БАЗАРДА

- Келіңіз, қарындас, не іздеп жүр едіңіз?
- Қызылша бар ма?
- Әрине, бар. Берейін бе?
- Қанша теңге тұрады?
- Қызылшаның 1 килограммы – 150 теңге.
- Қымбаттап кетіпті ғой. Бұрын 110 теңге болатын. Жарайды. Маған 1 кг **қызылша**, 5 кг картоп, сосын бір үлкенірек **орамжапырақ** өлшеп беріңізші.
- Міне, алыңыз. Барлығы 1100 теңге болды.
- Мына **алмұрт** жұп-жұмсақ екен. Қанша тұрады?
- 1 килограммы – 500 теңге. Өте дәмді. Жеп көресіз бе? Кесіп берейін.
- Жарайды, дәмді десеңіз, алып көрейін. **Құлпынай** мен **шабдалы** қосып өлшеңізші.
- Қанша килограмм салайын?
- Жарты килограмнан.
- Сізде **қауын** мен **қарбыз** да бар екен ғой. Қай жактікі?
- Шымкенттен әкелінген. Тәп-тәтті. Біреуін өлшеп көрейін бе?
- Жок, заттарым ауыр болып кетті. Келесі жолы алармын. Рақмет! **Саудаңыз сәтті болсын!***
- Сізге де рақмет, келіп тұрыңыз!

* Саудаңыз сәтті болсын! – Удачной торговли!



7. Сипаттаңыз. Қазіргі сән әлемі туралы ойыңызды айтыңыз.



8. Сіз не істейсіз?

- 1. Егер қымбат дүкеннен армандаған пальтоңызды көріп қалсаңыз...**
 - а. жеңілдікті күтемін
 - ә. бірден сатып аламын
 - б. ақырын ғана орнына іліп қоямын
- 2. Гардеробыңызды жаңарту керек болса...**
 - а. базарға барамын
 - ә. өзімнің сүйікті дүкеніңізге барамын
 - б. Жалғыз өзім дүкен аралаймын
- 3. Сауда жасау үшін дүкенге...**
 - а. досымбен бірге барамын
 - ә. жалғыз барамын
 - б. күйеуіммен/әйеліммен барамын

4. Сізді аяқ астынан тойға шақырып қалса...

- а. шкафтан киім қарап көремін
- ә. дүкеннен жаңа киім іздеп көремін
- б. досымнан киім сұрап көремін

5. Сатушы көмек көрсеткісі келсе, сіз...

- а. одан кеңес сұраймын
- ә. бірінші өзім қарап көретінімді айтамын
- б. одан қашып кетемін

Тест қорытындысы:

Жауаптарыңыздың ішінде «а» нұсқасы көп болса: Сіз дүкенге қатты қажет болған кезде ғана барасыз және сауда жасағанда жаныңызда кеңесші болу керек.

Жауаптарыңыздың ішінде «ә» нұсқасы көп болса: Сіз өзіңізге не қажет екенін жақсы білесіз және ақшаны ойланып жұмсайсыз.

Жауаптарыңыздың ішінде «б» нұсқасы көп болса: Сіз киімді ұзақ таңдамайсыз. Тіпті оны қайдан сатып алатыныңыз маңызды емес. Сізге ең бастысы – киімнің ыңғайлы болуы.

**9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.**

1. Куда³ вы¹ потратили⁴ деньги²?

2. Как³ сделать⁵ платеж⁴ через² интернет¹?

3. Мы забыли купить самые необходимые вещи: мыло, шампунь и туалетную бумагу.

4. Вы можете обменять или вернуть товар в течении 14 дней.

5. По дороге один мальчик помог мне донести сумку до дома.

6. Цены на порошок и шампунь резко подорожали.

7. Не забудь купить бритву из магазина.

8. Он с детства очень требовательный к одежде.

9. Распродажа – это очень эффективный метод продажи.

10. Дыню и арбуз привозят к нам из Южного Казахстана.



10. Сөздікпен жұмыс

Алмұрт	
Арзандау	
Дәретхана	
Жаялық	
Желім	
Көтеру	
Кір жуатын ұнтақ	
Қажетті	
Қарбыз	
Қауын	
Құлпынай	
Қызылша	
Қымбаттау	
Қыру	
Орамал	
Орамжапырақ	
Өшіргіш	
Сабын	
Сусабын	
Сызғыш	
Тиімді	
Төлем	
Үнемдеу	
Шабдалы	

VII сабақ

ІСКЕРЛІК





1. Сөйлесейік.

СІЗ БИЗНЕСМЕН БОЛА АЛАСЫЗ БА?

Бизнеспен айналысу үшін ақшаң жеткілікті болу керек. Ол үшін білім мен **қа-білет** қажет. Әрине, бизнес бастау үшін арнайы мамандарды жұмысқа алуға да болады. Бірақ бизнеспен айналысу үшін сіздің бойыңызда басқару қабілеті мен жақсы қасиеттер де болу керек. Ал сіз бизнесмен бола аласыз ба? Оны білгіңіз келсе, тест сұрақтарына жауап беріңіз.

А. Адамдармен жақсы араласасыз ба?

- ☐ иә
- ☐ жоқ

Ә. Сіз шыдамдысыз ба?

- ☐ иә
- ☐ жоқ

Б. Өз қатеңізді мойындайсыз ба?

- ☐ иә
- ☐ жоқ

В. Сіз алға мақсат қойып, соған жетуге тырысасыз ба?

- ☐ иә
- ☐ жоқ

Г. Өз шешіміңізге толық жауапкершілік аласыз ба?

- ☐ иә
- ☐ жоқ

Ғ. Өзіңізге жоғары талап қоясыз ба?

- ☐ иә
- ☐ жоқ

Тест қорытындысы:

*6 сұраққа «иә» деп жауап берсеңіз, сіздің жеке ісіңізді ашып, бизнеспен айналысуыңыз керек. Сіздің қолыңыздан бәрі келеді. Іске сәт!**

4 сұраққа «иә» деп жауап берсеңіз, өзіңізге сенімді болыңыз. Сіздің бизнеспен айналысуға қабілетіңіз бар. Тек алға мақсат қойып, соған жету үшін көп еңбек етуіңіз керек.

2 сұраққа «иә» деп жауап берсеңіз, сізге шешім қабылдап, өзіңізге жоғары талап қойып үйрену керек. Алға мақсат қойыңыз. Ісіңізге жауапты болыңыз.

** Сіздің қолыңыздан бәрі келеді. Іске сәт! – У вас все получится. Удачи в делах!*

Айтыңыз.

А. Сіз бизнесмен бола аласыз ба?

Ә. Досыңызға қолдау көрсетіп, оның қолынан бәрі келетінін айтыңыз.



2. Мәтінді оқыңыз.

Тележүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты көрермендер! Біздің бүгінгі қонағымыз – «Әмина Jewels» ұлттық колөнер брендінің авторы Әмина Шоқпарова. Әмина ханым, студиямызға қош келдіңіз!

Ә.Шоқпарова: Қайырлы күн! Бағдарламаға шақырғаныңыз үшін рақмет!

Жүргізуші: Әмина ханым, колөнер бизнесімен айналысуыңызға не себеп болды?

Ә.Шоқпарова: Бизнеспен айналысуыма балаларым себеп болды. Менің балаларға арналған коллекциям «Құсмұрын» деп аталатынын білесіздер. Қыздарым Гауһар мен Ақмаржан менен қолыма тағып жүрген жүзігімнің неліктен «Құсмұрын» деп аталатынын сұрады. Міне, сол кезден бастап ұлттық колөнердің маңызын түсіндім.

Жүргізуші: Керемет! Әмина ханым, ұлттық өнімдерге сұраныс жоғары ма?

Ә.Шоқпарова: Иә, қазір сұраныс өте жоғары. Тіпті шетелден де көп тапсырыс береді. Шетелге ұшақпен бірнеше күнде жеткізіп береміз.

Жүргізуші: Ал әшекейлердің бағасы қолжетімді ме?

Ә.Шоқпарова: Иә, біз әшекейлерді Қазақстанда жасаймыз. Сондықтан әшекейлердің бағасы қымбат емес.

Жүргізуші: Әлемдік бренд жасауды мақсат етесіздер ме?

Ә.Шоқпарова: Болашақта сондай деңгейге жетеміз деп ойлаймын. Басты мақсатым – бренд жасау емес, қазақтың колөнерін дамыту.

Жүргізуші: Әмина ханым, сұхбат бергеніңіз үшін көп рақмет! Ісіңізге табыс тілейміз! Ал құрметті көрермендер, біз сіздермен жарнамадан кейін кездесеміз! Бізбен бірге болыңыздар!

Айтыңыз.

А. Әмина Шокпарова деген кім?

Ә. Әминаның мақсаты не?

Б. Әшекейлерге сұраныс бар ма?

Зат есім/Сын есім/Үстеу + қыл/ет + жіктік жалғау
вспомогательные глаголы қыл, ет сочетаются с существительными,
прилагательными и наречиями, и образуют составные глаголы

Мен білім саласында бірнеше жыл еңбек еттім

(Я несколько лет проработал в сфере образования).

Мен сені бақытты қыламын (Я сделаю тебя счастливой).

Қысқа қылып жасай аласыз ба? (Можете сделать его покороче?)



3. Сөйлемдерді аударыңыз.

А. Көп еңбек етсеңіз, мақсатыңызға жетесіз.

Ә. Бизнеспен айналысу жауапкершілік пен лидерлік қабілетті қажет етеді.

Б. Мен мектепте 27 жыл еңбек еттім.

В. Балалар мені күлкі қылды, сосын мен жыладым.

Г. Мен ұлттық компаниямен **шарт** жасасуды мақсат қылдым.

Ғ. Олар осы іске мені жауапты қылды.

Д. Мен білім саласында қызмет еткен жоқпын.

Ж. Бизнесіте **тәуекел** ете білу өте маңызды.

З. Саяны ренжітпей, риза қылып жібердік.

Е. Менің екі аптаға демалысқа шығуыма рұқсат етесіз бе?



4. Дайын тіркестерді қолданып, үлгі бойынша хат жазыңыз.

Іскерлік қарым-қатынастағы стандартты сөздер мен сөз тіркестері

- Сіздің хатыңызға жауап ретінде ... хабарлаймыз./В ответ на ваше письмо сообщаем, что ...
- Сіздің өтінішіңізге сәйкес.../Согласно вашей просьбе...
- **Хаттамаға** сәйкес.../Согласно протоколу...

Мақсат

- Мәселені жылдам шешу мақсатында.../В целях скорейшего решения вопроса...
- **Бұйрықты** орындау мақсатында.../В целях выполнения приказа...
- Сіздің сұранысыңызға жауап ретінде.../В ответ на ваш запрос...

Стандартты фразалар:

- ... үшін алғыс білдіреміз./Выражаем благодарность за...
- Табыс тілейміз./Желаем успехов.
- ... хабарлаймыз./Сообщаем.
- ... туралы хабардар етеміз./Ставим Вас в известность о...
- ... екенін растаймыз./Подтверждаем, что...
- ... туралы мәлімдейміз./Заявляем о...
- ... **бұйырамын**/Приказываю...
- ... **кепілдік** береміз./Гарантируем, что...
- ... ескертеміз./Напоминаем, что...
- ... ұсынамыз./Предлагаем...



5. Газет оқиық.

ҚР Президенті Сауд Арабиясының Королімен кездесті

АСТАНА. ҚазАқпарат

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сауд Арабиясының Королі Салман ибн Абдул-Әзиз Әл-Саудпен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады. Кездесу барысында екі елдің басшылары Қазақстан мен Сауд Арабиясы **ынтымақтастығының** негізгі бағыттарын, сауда-экономикалық, саяси және мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыстарды нығайту туралы сөйлесті.

**6. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.****МАРАТ ӘБИЕВ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАС МИЛЛИОНЕР**

Марат Әбиев 13 жасынан бастап бизнеспен айналысқан. Ол 22 жасында миллионер атанған. «Forbes» журналы оның байлығын 11 млн долларға **бағалап** отыр. Марат алғашында сыныптастарымен бірге көлік жуып ақша табады. Тапқан ақшасына азық-түлік алып, ата-анасына көмектеседі.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

АЛҒАШҚЫ АҚША

Оқу жылы аяқталғанда, барлық оқушылар кітаптарын **реттеп**, жаңа оқу жылына дайындайды. Ол кезде скотч аз. Соны білген Марат 2000 теңгеге ауылдағы дүкендердегі скотчтардың бәрін сатып алады. Мектепке келгеннен кейін сыныптастарына жыртылған кітаптарын әр бетін 5 теңгеге жабыстырып* береді. Біреулер бұл ісін *күлкі қылады*, біреулер таңғалады. Оған Марат мән бермейді. Осылайша ол 7000 теңге табады.

* жабыстыру – приклеивать

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Мәтінді оқыңыз.

«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАН»

Марат Әбиевтің Қазақстанда қалай баюға болатыны туралы жазған «Қазақстандық арман» кітабы шықты. Кітапта жас миллионер адал еңбекпен ақша табудың жолын жазады.

«Кейбір достарым менен **қарызға** ақша сұрайды. Сұраған соң беремін. Бірақ көбі ақшаны қайтаруға асықпайды. «Адамға балық берме, балық аулайтын қармақ бер»* дегендей, ақша адамды бүлдіреді. Сондықтан оларға ақша табуға мүмкіндік берген дұрыс деп ойладым. Өз тәжірибемнен түсінгенім – ақша табу үлкен еңбекті және тәуекелді *талап етеді*. Мен осындай **дәрежеге** жету үшін 10 жасымнан 23 жасыма дейін *еңбек еттім*. Ал бұл кітапта сол тәжірибелерімді бөлісуді *мақсат еттім*. **Кез келген** істе табысқа жету қоғам менталитеті мен психологиясын білумен байланысты. Сондықтан іштей сабырлы болып, қазақтың тілін, салт-дәстүрі мен мәдениетін құрметтеу керек», – дейді жас миллионер. Маратың байлығын «Forbes» журналына жариялауының өз себебі бар. Жасының кішілігі Маратқа көп кедергі келтіріпті. Соған қарамастан ол алға қойған мақсатына жетті. Адал еңбекпен тапқан табысын көрсетіп, еліміздегі жастардың бай болу мүмкіндігі мол екенін дәлелдеді.

* «Адамға балық берме, балық аулайтын қармақ бер» – «Если хочешь помочь голодному, дай ему удочку, а не рыбу!».



7. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Марат жеке бизнес ашуды мақсат етті.

2. Менің атам осы дәрежеге жету үшін 30 жыл еңбек еткен.

3. Санжар прокуратурада қызмет етеді.

4. Сабыр ет, бәрі жақсы болады.

5. Бизнесмен болу білім мен шыдамдылықты талап етеді.

6. Бұл істі серіктестермен ақылдасып шешу керек пе?

7. Олар қызметтің толық дәрежеде көрсетілуін талап етуге **құқылы**.

8. Бизнеспен айналысу да терең білімді қажет етеді.

9. Ақша адамды бақытты қылмайды.

10. Ол бәрін бір минутта жоқ қылды.



8. Сіз не істейсіз?

А. Мынадай жағдайды **елестетіңіз**: Айдың соңы. Жұмыс көп. Бір кезде басшыңыз жұмыс уақыты біткенде сізге келіп: «Қалған жұмысты бітіру үшін қалуыңызды сұраймын», – деді. Үйіңізге құдалар келіпті. Күйеуіңіз хабарласып, тез келуіңізді өтінді. Кетіп қалайын десеңіз, жұмыс көп. Сіз не істейсіз?

.....

.....

Ә. Сіз бизнесіңізді дамытқыңыз келеді. Сол үшін инвесторлар іздедіңіз. Бірақ таба алмадыңыз. Бір күні сізге шетелден қуанышты хат келді. Шетел инвесторлары бизнесіңізді дамытуға көмектесе алатынын айтады. Бірақ ол үшін сіз бизнесіңізді шетелде ашуыңыз керек болады. Отбасыңызбен шетелге көшуіңіз керек. Бірақ балаларыңыз Қазақстанда оқиды. Туыстарыңыз да осында. Сіз не істейсіз?

.....

.....



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Как⁴ вы¹ оцениваете² данную² ситуацию³?

2. Начальник¹ еще³ не подписал⁴ приказ².

3. Каждый гражданин Республики Казахстан вправе защищать свои права.

4. Есть ли у вас лидерские способности?

5. Прошу ознакомиться с протоколом совещания.

6. Наши товары пользуются большим спросом.

7. В 2018 году в Казахстане откроются 8 производственных предприятия.

8. Занятие предпринимательством требует большой ответственности и трудолюбия.

9. Он рискнул и это было правильным решением.

10. Я осознал свою ошибку.



10. Сөздікпен жұмыс

Бағалау	
Бұйрық	
Дәреже	
Елестеу	
Жабысу	
Жауапкершілік	
Жырту	
Кез келген	
Кепілдік	
Қабілет	
Қарыз	
Қаулы	

Құқылы	
Мойындау	
Өндіріс	
Реттеу	
Сұраныс	
Талап	
Тәуекел	
Хаттама	
Шарт	
Шешім	
Шыдамды	
Ынтымақтастық	

VIII сабақ
АС ӘЗІРЛЕЙІК





1. Сөйлесейік. Бір тағамның атын айтпай, өзін сипаттаңыз.

Үлгі: Палау: Ол өте дәмді ас. Күріштен жасалады. Оған ет, пияз, сәбіз қосылады. Оны қазақ, өзбек мейрамханаларында керемет дайындайды. Қою тамаққа жатады.

КФС Балмұздақ Ет Кәуап Қуырдақ Лагман
ПАЛАУ Шоколад Тауық сорпасы Мәңгі

! Жауабы табылмай жатса, досыңызға сұрақ қойыңыз. Мысалы, *ащы ма әлде тәтті ме? Қою ма әлде сұйық па?*



2. Мәтінді оқыңыз.

Мен сияқты көп саяхаттайтын адамдар шетел тағамдарын жақсы біледі. Әр халықтың дәстүрі әртүрлі болады. Соған байланысты олардың тағамдары да ерекше. Мысалы, маған француздардың «киш-киш» атты **бәліші** ұнайды. Ал Италияға барсам, күн сайын түрлі пицца жеймін. Канадалықтардың сүйікті асы – Путин. Ол – калорияға бай тағам. Құрамында фри картоптары, **ірімшік** және соус болады. Грузияда жүргенде қатты қарным ашқан. Көшеде бір кісіге: «Осы елдегі ең дәмді тамақты айтыңызшы», – дедім. Ол бірден «хачапури» деген тамақты айтты. Сол күні бесуін бір-ақ жеген шығармын, әбден **тойдым**. Ол **қамырдан**, ірімшіктен, **жұмыртқадан** дайындалады екен. Үндістандықтар «тандури тауығын» жақсы көреді. Мексика асханасында тағамдарға әртүрлі **дәмдеуіштер** қосады. Орыстардың ең танымал асы бефстрогановты бәріміз білетін шығармыз. Оны алғаш рет граф Александр Строгановқа арнап **пісірген** екен. Бефстроганов дайындау үшін сиыр етін қуырып, оған **қаймақ** соусын құяды. Испаниялықтар **бидай**, **күріш**, теңіз өнімдерін көп жейді. Түрік асханасында Месопотамия мәдениеті арқылы келген ет пен сүт өнімдері жиі қолданылады. Олардың «баклавасы» мен «локумын» да жиі айтады.

Осы күнге дейін шамамен 8-9 ел тағамдарының дәмін көрген шығармын. Бірақ өз халқымның ұлттық тағамдарына жетпейді екен. Шетелден Қазақстанға келген кезде анам ет пісіріп береді. Қазақтың құрты мен бауырсағын айтсаңызшы.

* қуырдақ – жаркое, палау – плов, кәуап – шашлык

Ал сіз қандай тағам түрлерін білесіз?

.....

.....

Тамақ әзірлей аласыз ба?

.....

.....

Мәтінге қандай тақырып қоясыз?

.....

Қай халықтың тағамы?

- | | | |
|-------------------|-----------------------|--------------|
| 1. Тандури тауығы | ☐ | Грузин |
| 2. Пицца | ☐ | Қазақ |
| 3. Хачапури | ☐ | Канадалықтар |
| 4. Бефстроганов | ☐ | Түрік |
| 5. Киш-киш бәліші | ☐ | Француз |
| 6. Путин | ☐ | Итальян |
| 7. Баклава | ☐ | Үнді |
| 8. Бауырсақ | ☐ | Орыс |

Ет. + т

Ет. + дыр/-дір/-тыр/-тір + жіктік жалғау

Ет. + ғыз/-гіз/-қыз/-кіз

обозначает действие с целью заставить, понудить, попросить, позволить, совершить какое-либо действие или принять иную форму состояния

Су қайнады (Вода вскипела). – Самат су қайнатты (Самал вскипятил воду).

Кім күлді? (Кто смеялся?) – Оларды кім күлдірді? (Кто их рассмешил?)

Ол ән айтты. – Біз оған ән айтқыздық.

Араласу (смешиваться) – араластыру (смешивать)



3. Қажетті сөзді жазыңыз.

қайнап жатыр – қайнатып жатыр
жазды – жазғызды
үйренемін – үйретемін
отыруға бола ма? – отырғыза аласыз ба?
жүрді – жүргізді

~~ойнатты~~ – ойнады
қорқыту – қорқу
жемеймін – жегізбеймін
кіргізіңдер – кіргім келіп тұр
ренжіген – ренжіткен

1. Ол балаларды _____ .
Ол балалармен _____ .
2. Шәйнектегі су _____ .
Ол жұмыртқа пісіру үшін су _____ .
3. Самат үйге дейін жаяу _____ .
Самат достарын жаяу _____ .
4. Сен мені қатты _____ !
Ол қараңғыдан _____ .
5. Жанар Маратқа _____ .
Марат Жанарды _____ .
6. Самал Дастанға хат _____ .
Ол өзі жазбады. Біреуге _____ .
7. Мен мүлде фаст-фуд _____ .
Балаларыма да фаст-фуд _____ .
8. Мен ағылшын тілін _____ .
Мен саған ағылшын тілін _____ .
9. Қонақтарды үйге _____ .
Тоңып қалдым. Үйге _____ .
10. Анау орынға _____ .
Анау орынға менің баламды _____ .



4. Талқылайық.

Айжан: Мен жылдам әзірленетін тағамдарды жақсы көремін. Сондықтан үйде тек сенбі-жексенбі күндері ас әзірлеймін. Қандай тамақ жесеңіз де, аз мөлшерде жеңіз. Сонда салмағыңыз бірқалыпты болады.

Ардақ: Мен үнемі мейрамханалардан тамақтанамын. Ас әзірлей алмаймын. Өзім жиі баратын орындар бар. Кейде тапсырыс беремін. Мен фри картоптарын, суши, сонымен қатар, балық тағамдарын ерекше жақсы көремін.

Самал: Мен тек үйде әзірленген тамақтарды жеймін. Себебі қазір асхана, дәмханаларда санитарлық ережелер сақталмайды. Үйде отырып, отбасыма түрлі тағамдар дайындаймын. Қазір тіпті **аспаз** болдым. Интернеттен әлем елдері тағамдарының рецептісін тауып, өзім әзірлеймін.

Марат: Бос уақытымда, көңіл күйім болмаған кезде, тамақ жей беремін. Тәтті тағамдарды ерекше жақсы көремін. Әйеліме тапсырыс беріп, әртүрлі тағамдар дайындатамын. Көбінесе қою тамақтар пісіртемін. Бірақ салмағым көп. Келесі айдан бастап диета ұстайтын шығармын.

Ал сіз қалай тамақтанасыз?

.....

.....

.....



Кім қандай?

- А. Ылғи мейрамханалардан тамақтанады.
- Ә. Тәтті тағамдарды көп жейді.
- Б. Жылдам әзірленетін тамақтарды жақсы көреді.
- В. Әрқашан үйде ас дайындайды.
- Г. Ол – аспаз.
- Ғ. Қандай тамақ болса да азжейді.
- Д. Тамақ жеу – оның ең сүйікті ісі.



5. Диалогті оқып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

- А. – Сен қандай тамаққа тапсырыс бересің?
 – Мен фетучинни жейтін шығармын. Сен ше?
 – Білмей отырмын. Палау жесем, _____ ?
 – Қатты майлы емес шығар.
- Ә. – KFC, mcdonalds сияқты тағамдарды көп жей бермеңіз.
 – Жарайды, басында қиын болады, бірақ кейін үйренетін _____.
 – Дұрыс, салмағыңызды өлшейік. Режимді сақтаңыз.
 – Көрейік, бірақ мен көп **шөлдеймін**. Зиян емес _____, иә?
 – Ештеңе етпейді, су денсаулыққа пайдалы ғой.

- Б: – Бүгін кешкі асқа мәңгі әзірлей алмайтын шығармын. Етті тоңазытқыштан шығармаппын. Басқа _____ ?
 – Онда _____ пісірейік.
 – Жарайды. Айгүл күтіп отырған шығар. Мен _____ .
 – Иә, сен кете бер. Мен кеш шығатын шығармын.



6. Сіз не істейсіз?

1. Сіз шетелдік достарыңызбен мейрамханада отырсыз. Даяшы өзіңіз тапсырыс берген «түсініксіз» тағамды алдыңызға қойды. Тағамның өзі де иісі де ұнамады. Не істейсіз?

а. Аш болғаным артық.

ә. Қандай тамақ болса да жеймін.

б. Достарымнан ұят.

☐ Себебі маған барлық тағам түрлері ұнайды. Шетелдік асханадан міндетті түрде дәм татуым керек.

☐ Сол үшін қасығымды алып, астан дәм татамын да, су ішіп отыра беремін.

☐ Өйткені ұнамаған тамақты жей алмаймын. Үйге барған соң, өзім тамақ пісіріп жеймін.

2. Бүгін әріптестеріңізді өз үйіңізге қонаққа шақырдыңыз. Жоспарыңыз бойынша тауық етінен француз асханасының танымал тағамын дайындайсыз. Кеш болды. Дастарханда тәттілер дайын. Бірақ тауық етін сатып алуды ұмытып кетіңіз. Не істейсіз?

а. Ет тамақ дайындаймын.

ә. Қонақтарға ештеңе айтпаймын. Тапсырыс беремін.

б. Тамақ дайындамаймын.

☐ Көп салат жасағанмын. Солармен, тәттілермен шай ішеміз.

☐ Мейрамханада кешкі асты керемет дайындайды. Жылдам үйге әкеліп береді.

☐ Тіпті жақсы. Ет 1-2 сағатта піседі.



7. Сәйкес жауаптарды белгілеңіз.

АС ӘЗІРЛЕЙІК

1. Сіздің сүйікті асыңыз қандай?
2. Бүгін қандай тамақ дайындайсыз?
3. Ол үшін қандай азық-түліктер керек?
4. Тамақ әзірлеуді неден бастаймыз?
5. Одан соң нені **тураймыз** және қалай турау керек?
6. Сосын не істейміз?
7. Оны қалай пісіреміз? **Қуырамыз** ба?
8. Дайын болды ма?
9. Дәмін татып көруге бола ма?


☐ Ол үшін 4 ас қасық қаймақ, 4 ас қасық майонез, 2 жұмыртқа, 9 ас қасық **ұн** және ірімшік керек.

- ☐ Сосын қызанақ, **шұжық**, қиярды тураймыз. Олар **ұсақ** болуы керек. Барлығын араластырамыз. Үстіне томат қосуға болады.
- ☐ Пицца. Ол жылдам дайындалады әрі дәмді.
- ☐ Иә, дайын. Үстіндегі ірімшік ереді.
- ☐ Одан соң қамырдың үстіне майонез бен ірімшік саламыз. Ірімшік қалың болуы керек.
- ☐ Бірінші қамыр дайындаймыз. Қамырыңыз қаймақ секілді қою болуы керек. Табаға қамырды құямыз.
- ☐ Жоқ, қуырмаймыз. Табаға пісіреміз. Табаны пешке қойыңыз. Орташа температурада болсын. Бірден **қақпағын** жауып қойыңыз. Ірімшік еріген кезде сөндіруге болады. Сонда шамамен 15 минутта піседі.
- ☐ Әрине, сізге шанышқы берейін.
- ☐ Мен мәңгі, палау, французша дайындалған ет және пиццаны жақсы көремін.



8. Мұны қалай дайындаймыз? Айтып беріңіз.

СҮЗБЕ ҚОСЫЛҒАН НАН (СЫРНИК)



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Хочу³ на ужин¹ пожарить³ рыбу².
2. Яблочный сок¹ – очень⁴ полезный⁵ напиток⁶ для здоровья³ человека². Он¹ богат⁴ витаминами² и микроэлементами³.

3. Какие³ приправы⁴ нужны⁵ для приготовления² плова¹?
4. Вы¹ какие пироги³ пекли⁴ к празднику²?
5. Ты¹ пока² помой и нарежай⁴ фрукты³.
6. Сначала¹ смешиваем⁴ творог² со сметаной³, затем⁵ добавляем⁷ сахар⁶.
7. Молоко вскипело, теперь буду жарить яйца с помидорами.
8. Я ем на завтрак бутерброд с колбасой и сыром.
9. Лучшие повара приготовили вкусные блюда.
10. Не хотите попробовать блюда национальной кухни?
11. Его надо смешивать равномерно.
12. Пожалуй⁵, я останусь здесь до утра.



10. Сөздікпен жұмыс

Аспаз	
Әзірлеу	
Бәліш	
Бірқалыпты	
Дәмдеуіш	
Жұмыртқа	
Күріш	
Қаймақ	
Қақпақ	
Қамыр	
Қуыру	
Пісіру	
Салмақ	
Сорпа	
Сүзбе	
Тауық	
Тою	
Турау	
Ұн	
Ұсақ	
Шөлдеу	
Шұжық	
Шығар	
Ірімшік	

IX сабақ
ҚОНАҚТА





1. Сөйлесейік.

1. Жексенбі күні сені қонаққа шақырғым келеді. Келе аласың ба?

1. Жоқ 2. Иә

■ Өкінішке қарай, бара алмаймын. Жексенбіге басқа жоспарларым бар.

■ Әрине, келемін. Шақырғаныңа рақмет!

2. Достарымызбен бірігіп, *кеш* ұйымдастырып жатырмыз. Кешке қатысқың келе ме?

1. Жоқ 2. Жоқ

■ Ренжімеші, қатыса алмаймын. Басқа жаққа қонаққа шақырып қойып еді.

■ Өкінішке қарай, қатыса алмаймын. Бүгін Алматыға жол жүруім керек.

3. Келесі айда баламның *үйлену тойы* болады. Шақыру жіберемін. Міндетті түрде келіңіз!

1. Иә 2. Иә

■ О, құтты болсын! Қуана-қуана барамын.

■ Әрине, келемін. Шақырғаныңа рақмет!

Басқа да мерекелер:

той / кешкі ас / туған күн / үйлену тойы / мерейтой



2. Мәтінді оқыңыз.

Жанар (Қазақстан): Біздің туыстарымыз көп. Жақын туыстарымызбен қоса **құда-құдағиларымызбен***, көршілерімізбен де араласамыз. Құдаша, құда балалармен де хабарласып тұрамыз. Біздің үйге қонақ көп келеді. Қонақ күту біздің дәстүрімізге **айналған**. Анам: «Қонақ келсе, **құт** келеді», – деп айтып отырады. Сондықтан біз қонақты жақсы қарсы алып, құрмет көрсетеміз. Дастарқан жайып, ет дайындаймыз.

Сэм (Америка): Біз де қонақ күтуді жақсы көреміз. Бірақ біз қонақты сирек шақырамыз. Қонақ шақырсақ, 2-3 апта бұрын шақыру жібереміз. Анам көбінесе тауық етінен гриль әзірлейді. Тамақ жеп болған соң, дастарқанға десерт әкеледі. Десертің алдында біраз ірімшік немесе вино *алып келеді*. Десерт қонақтардың қалауы бойынша ұсынылады. Десерттен кейін әйелдер жеке, ер адамдар жеке жиналып, әңгіме айтады. Сосын сағат онға қарай бәрі үйіне тарайды.

Юки (Жапония): Бізде қонақ күту үлкен рәсім болып есептеледі. Жапонияның адамдары өте қарапайым. **Дегенмен** біздің елімізде қонақ күту мен қонақ болудың өз ережелері бар. Біріншіден, қонаққа шақырған үйге міндетті түрде сыйлық *алып бару* керек. Оны бергенде де әдемі **қорапқа орап**, «бұл қарапайым, бірақ өте пайдалы зат...» деп *айтып береді*. Үй **несі** де қонаққа сыйлық береді. Екіншіден, үйге кірер алдында сырт киімді шешіп, сандал кию керек.

* Құда – сват, құдағи – сваха, құдаша – молодая сватья, құда бала – молодой сват

Айтыңыз.

- А. Сіздің еліңізде қонақты қалай күтеді?
 Ә. Сізге қай елдің қонақ күту дәстүрі ұнады?
 Б. Қонаққа барғанды ұнатасыз ба?

При передачи прямой речи после слова автора и речи говорящего употребляется слово **деді**.

Асқар: «Оны танимын», – деді.

Косвенная речь

Ет. + атын/-етін/-йтын/-йтін + ын/-ін/-н айтты

Асқар оны танитынын айтты.



3. Жазыңыз.

Ол не деді?

«Келе алмаймын», – деді./ Ол келе алмайтынын айтты.

«Келемін», – деді./ Ол келетінін айтты.

Ол нешеде келемін деді?

.....

Ол неге келмеймін деді?

«Басқа жоспарларым бар», – деді./ Ол басқа жоспарлары бар екенін айтты.

.....

Ол неге уақытында келе алмаймын деді?

.....



4. Сіз не істейсіз?

Кеше сіз сыныптас досыңыз Маратпен кездестіңіз. Марат сізге мынадай нәрселер айтты:

1. Мен қазір Алматыда тұрамын.
2. Менің әкемнің жағдайы жақсы.
3. Самат пен Жазира келесі айда үйленеді.
4. Сыныптастарыммен әлеуметтік желіде сөйлесіп тұрамын.
5. Шілдеде Самалдың үйіне қонаққа бардым.
6. Жанардың сөзіне мән берме, оның қазір көңіл күйі жоқ.
7. Маған жұмысым онша ұнамайды.
8. Басқа жұмысқа ауысқым келіп жүр.
9. Алматыға келсең, менің үйіме тұруыңа болады.
10. Екі ай бұрын жаңа көлік сатып алдым.
11. Біз Алматыдағы сыныптастармен жиналып, жақсы көңіл көтердік.
12. Айжанды күттік, бірақ ол келген жоқ.

Келесі күні сіз Дастанмен кездестіңіз. Оған Мараттың айтқанын айтып беріңіз.

1. Марат қазір Алматыда тұратынын айтты.
2. Ол айтты.
3. Ол
4.
5.
6.
7.
8.
9.
10.
11.
12.



5. Диалогті оқыңыз.

А: Жанар, сәлем, қалайсың?

Ж: Жақсы, Асқар, өзің ше?

А: Шүкір, жақсымын. Сен ертең жиналысқа келесің ғой, иә?

Ж: Жұмыстамын, ертең бос болмайтын сияқтымын.

А: Солай ма? Ертең келе алмайсың ба?

Ж: Иә, өкінішке қарай, ертең келе алмаймын.

А: Өкінішті. Онда сенің орныңа біреу келе ала ма?

Ж: Арайдың нөмірін жазып жіберемін. Хабарласшы.

А: Жарайды, рақмет. Хабар күтемін.

Арайға хабарласып, Жанардың келе алмайтынын айтыңыз.



6. Мәтінді оқыңыз.

СЫЙЛЫҚ БЕРУ

Сыйлық беру мәдениеті әр елде әртүрлі. Қазақта **сыйлы** қонаққа шапан жауып, ат мінгізу дәстүрі бар. Тойда қыздарға, әйелдерге **алтын** немесе **күміс сырға**, **жүзік**-сыйлайды. Қазақстан мен Қытайда сыйлыққа пышақ беруге болмайды. Себебі пышақ ұрысуға себеп болады деп есептейді. Ал Францияда тұрмыстағы әйелге **иіссу** беруге болмайды. Себебі оны күйеуі ғана сыйлай алады. Француздық досыңыз болса, оған гүлді де абайлап сыйлаңыз. Оларға қызыл раушан немесе хризантема сыйласаңыз, ренжуі мүмкін. Ал Жапонияда ақ түсті гүл – **жамандықтың** белгісі. Америкада соңғы кезде сыйлықты чекпен бірге береді. Сыйлық **талғамыңызға** сәйкес келмесе, чекті көрсетіп, басқа затқа ауыстырып алуыңызға болады.

Айтыңыз.

А. Сіздің еліңізде сыйлық сыйлау дәстүрі қандай?

Ә. Сыйлық таңдағанда неге мән бересіз?

Б. Сыйлық сыйлаға ұнай ма, сыйлық алған ұнай ма?

бару: алып бару

Сені Марат алып барады. Тебя Марат отвезет.

Ет. + ып/-іп/-п + келу: алып келу

Сені Марат алып келеді. Тебя Марат привезет.

беру: алып беру

Саған Марат алып береді. Тебе Марат достанет.

кету: алып кету

Сені Марат алып кетеді. Тебя Марат заберет.

бару: еріп бару

Сен онымен еріп барасың. Ты поедешь вместе с ним.

Ет. + ып/-іп/-п + келу: еріп келу


Сені онымен еріп келдің бе? Ты с ним пришел?

еріп кету:

Сен онымен еріп кеттің ғой. Ты же последовала за ним.

**7. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.**

1. Құдағи, Маратты сен шақырып алдың ба?
.....
2. Мен азық-түлікті базардан алып келдім.
.....
3. Саған сыйлыққа не алып берейін?
.....
4. Мен ештеңе алып келген жоқпын.
.....
5. Оны шақырып келейін бе?
.....
6. Мен театрға барып көрген жоқпын. Дегенмен барғым келеді.
.....
7. Мен оған еріп барайын.
.....
8. Қонаққа не алып барасың?
.....
9. Мен Айжан құдашаны көріп келдім.
.....
10. Менің орамалымды кім алып кеткен?
.....

**8. Сипаттаңыз. Қазіргі қонақтар қандай?**



9. Тілек айтып үйренейік.

Гаухардың жақсы жаңалығы бар! Отбасылық достары жаңа пәтер сатып алыпты. Кешке күйеуі екеуін қоныстойға шақырыпты. Ол бұл жаңалыққа қатты қуанды. Тіпті кешке айтатын тілегін де жазып қойды. Ал сіз досыңызға не тілейсіз?

Қоныстойға тілек*

Талғат-Айсұлу! Қоныстойларыңыз құтты болсын! Үйлерің бақытқа, жақсылыққа, кішкентай балалардың күлкісіне **толы** болсын. Сендерге **зор** денсаулық, **сыйластық**, **мәңгілік** махаббат пен байлық тілеймін! Осы үйде бақытты өмір сүріп, бірге **қартайындар**.

* Қоныстой – новоселье

Туған күнге тілек жазыңыз.



10. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Мы¹ пригласили⁷ на свадьбу⁶ всех² родственников³ и⁴ сватов⁵.
2. Где в² Астане¹ можно купить⁵ качественное³ золото⁴?
3. У Армана хороший вкус.
4. На конференцию были приглашены почетные гости из Германии.

5. Самал не хочет идти со мной к сватам. Тем не менее я все же постараюсь уговорить ее.
6. На зло нужно отвечать добром.
7. Позовите мне хозяина этого дома.
8. Назым, как называется твои духи?
9. Чем можно завернуть коробку для подарка?
10. Я не знаю как, тем не менее я постараюсь вам помочь.



10. Сөздікпен жұмыс

Айналу	
Алтын	
Дегенмен	
Жамандық	
Жүзік	
Зор	
Ие	
Иіссу	
Күлкі	
Күміс	
Қартаю	
Қорап	
Құда	
Құт	
Мәңгілік	
Орау	
Сыйластық	
Сыйлы	
Сырға	
Талғам	
Толы	
Тырысу	

Х сабақ БАЙЛЫҚ





1. Сұрақтарға жылдам жауап беріңіз.

- А. Қазақстанның валютасы қандай?
- Ә. Қытайда қандай валюта қолданылады?
- Б. 1 доллардың бағасы қанша теңгеге тең?
- В. Еуро қай елдерде қолданылады?
- Г. Қай банкнотта бәйтеректің суреті бар?
- Ғ. Адамдар ақша жоқ кезде не істеген?



Мәтінді оқыңыз. Мәтіннен қате қолданылған 5 сөзді табыңыз.

Сізге алтын балық кездесіп, үш тілегінді араластыр десе, қандай тілек айтатын едіңіз? Ойланыңыз... Біреулер денсаулық, жақсы жұмыс, тыныш өмір тілейді, біреулер достары үшін, ел үшін, туыстары үшін құттықтау айтады. Біреулер: «Мә, мен бай болсам ғой!» – дейді.

Шопенгауер «Әлемдегі ең **кедей** адам – ақшадан басқа ештеңені ойламаған адам» деген екен. Иә, ақшаның **түбіне** жете алмайсыз. Бірақ ақша табудың да әртүрлі жолы бар. Біреу еңбек етіп, табыс табады, біреу **ұтыс** ойындарын ойнайды. Бәрі де ақша үшін. Себебі қазіргі **заманда** жақсы ұйқы сүру үшін, денсаулық сақтау үшін, отбасыңды **асырау** үшін, басқа да мақсаттар үшін ақша керек. Бір күні ақшам болса ғой деп армандаған кісі бай болған күні мақсатсыз, армансыз, жоспарсыз қалып қоймайды. Одан да басқа мақсаттар пайда болады. Демек бәрі ерекше өмір сүру үшін жасалады. Қазір қоғамда «бренд» деген нәрсе пайда болған. Киімдер, **былғары** сөмкелер, әшекейлер де әртүрлі дәрежені көрсетеді. Ұшақта, кинотеатрда, мейрамханада, қонақүйлерде «vip» орындар бар. Оның бәрі біз үшін? Дүниеде біреулер бір **жұтым** су мен бір **тілім** нан жей алмай жүргенде, біреулер алтын қолмен тамақ ішеді? Неге бұлай?

А. Қандай брендтерді білесіз?

.....

Ә. Алтын балыққа қандай тілектер айтатын едіңіз?

.....

Б. Мәтінге тақырып қойыңыз.

.....

Ет. + ғанша/-генше/-қанша/-кенше...

соответствует значению наречия «пока» и употребляется, чтобы выразить одновременное действие

**Мен барғанша, ол кетіп қалыпты. – Пока я доехал, он уже ушел.
Шарттар дайын болғанша, күте тұрыңыз. – Подождите пока договоры
будут готовы.**

Ет. + қою + жіктік жалғау

показывают активное, преднамеренное, категоричное завершение действия.

Такие словосочетания переводятся на русский язык со словом «уже».

айтып қою – проговориться

дайындап қою – подготовить

көріп қою – увидеть

Ол терезені ашып қойды. – Она открыла окно (спокойно, преднамеренно).

**3. Сіз не істейсіз?**

А. Ұтыс ойынына қатысып, кездейсоқ 1 млн теңге ұтып алдыңыз. Қалтаңызда 1 милли-о-он теңге бар. Бірақ оны 10 күннің ішінде жұмсауыңыз керек. Қайда жұмсайсыз? Не істейсіз?

.....

.....

Ә. Байдың үйі мен кедейдің үйі қатар орналасқан. Екеуі бір уақытта өртеніп жатыр. Полиция қызметкерлері қай үйді бірінші өшіреді деп ойлайсыз?

.....

Б. Екі әке, екі бала үш апельсин тауып алды. Бәрі бір-бір апельсиннен жеді. Бұл қалай? Оларға 3 апельсин қалай жетті?

.....

В. Үстелдің үстінде үш қияр және төрт алма тұрған еді. Балаңыз жылап, бір алманы алып қойды. Үстелдің үстінде неше жеміс қалды?

.....

**4. Сөйлемді аяқтаңыз.**

1. Ол әдейі көзіне көзілдірік, басына кепка киіп алыпты, бірақ **бәрібір** (мы его узнали).

2. Мен бұл құпияны Ардаққа айтпай жүргенмін, бірақ (он уже слышал от кого-то).

3. Айжан, Мараттарға хабарласпай-ақ қой, (я уже пригласил их).
-
4. Тапсырыс берген жиһаздарыңызды (уже принесли).
-
5. Ол ойланам дегенше, (я уже сама заплатила).
-
6. Қызым, мен жұмысқа барып келгенше, сен (приберись в комнате).
-
7. Мә, мен ұйықтап жатқанда, олар тамақтың барлығын (съели).
-
8. Айжан **үлгермеді**, ол барам дегенше, болған жағдайды (уже проговорили).
-
9. Полиция қызметкері менің куәлігімді (забрал).
-
10. Мен ақшаның бәрін (истратила).
-
11. Самал алма **шырынын** (уже купила).
-



5. Талқылайық.

Айжан: Күндіз-түні жұмыс істейтін адамдарды түсінбеймін. Әрине, өмір сүру үшін ақша керек, ал ақша табу үшін жұмыс керек. Бірақ күні-түні жұмыс істеп жүргенде, өмір сүруге уақыт қалмайды ғой. Таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеп, сонша ақша жинағанша, бірқалыпты жұмыс істеп, өзіме мән бергенім жақсы. Уайымсыз өмір сүргім келеді.

Берік: Қуатыңыз бар кезде жұмыс істегеніңіз дұрыс. Болашағыңызды ойлаңыз. Деніңіз сау, жас кезіңізде еңбек етпесеңіз, қашан ақша табасыз? Ерініп, жұмыссыз жүре беретін адамдар бір күнібіреудің затын **ұрлайды**, сөйтіп **ұры** болады, біреуден **пара** алып, **жемқорлық** жасайды. Сондықтан қазірден бастап еңбек етіп, ақша табыңыз.

Серік: Қанша ақша тапсаң, сонша ақша жұмсайсың. Менің достарым депозитке ақша жинайды. Ақшаны қайдан алатындарын түсінбеймін. Тіпті кіп-кішкентай балаларына да **жылжымайтын мүлік** алып қойған. Еркек болған соң, отбасыңды асырауың керек. Ай сайын киім, тамақ, пәтер, оған қоса, коммуналдық **шығындар** бар. Қалай жеткізетінімді де білмеймін. Айлығым да көп емес. Басқа жұмыс табу керек шығар...

Олар қандай?

Айжан
 Берік
 Серік
 Менің ойымша,
 дұрыс емес. ,
 дұрыс.



6. Сәйкестендіріңіз.

1. Ақшаны есептеу, артық жұмсамау
2. Ақша бергісі келмейтін, шығын шығармайтын адам
3. Біреуге заңсыз берілген ақша немесе зат
4. Біреудің затын, ақшасын ұрлайтын адам
5. Ақшаны аудару, алу, жіберу үшін қолданылатын аппарат
6. Бір елде қолданылатын ақша түрі
7. Ұсақ ақша
8. Біреуден пара алу
9. Ақшасы жоқ адам
10. Қолдан жасалған ақша

- ☐ пара
- ☐ сараң
- ☐ үнемдеу
- ☐ банкомат
- ☐ жемқорлық
- ☐ кедей
- ☐ ұры
- ☐ валюта
- ☐ тиын
- ☐ жалған ақша



7. Мәтінді оқыңыз.

ТЕҢГЕ

Тиындар, ақша, т.б. ескерткіштер (тиын мөрлері, құжаттар) арқылы тиын жасау тарихын зерттейтін ғылым саласы нумизматика деп аталады. Валюта – мемлекеттің

тәуелсіздігін көрсететін белгі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, 2 жылдың ішінде өз валютасын жасап үлгерді. Ол 1993 жылы 15 қарашада таңғы сағат 8.00-де енгізілді.

Теңгенің ең алғашқы дизайны қалам, калька және тушь арқылы салынды, өйткені дизайнерлердің қолында бұдан басқа ешқандай құрал болмаған. Теңгенің алғашқы тобы Лондондағы Harrison & Sons фабрикасында **басылып шығарылды**. Оны елге жеткізу үшін 18 әуе сапары жасалыпты. Ол Ұлттық қауіпсіздік комитетінің **бақылауымен** орындалды. Қазақстанда ақша басып шығаратын өз фабрикамыз 1995 жылы ашылды. Ұлттық валютаға атау берілер кезде «сом», «ақша», «алтын» секілді атаулар да қарастырылған. Яғни теңге атауымен бірге осы нұсқалар да болды. Қазақ тарихындағы бұрынғы ақшаларда жануарлардың, жұлдыздың, балықтың, аңшының суреті берілген. Алғашқы теңгелерде танымал тұлғалардың суреттері болды. Теңге – **жалған** ақша жасаушыларға қарсы әлемдегі ең қауіпсіз валюта. Теңге банкноты қатарынан үш рет 2011, 2012 және 2013 жылдары дүниежүзіндегі ең үздік **қағаз** ақша ретінде танылды. Теңге – екі тілде жазылатын жалғыз валюта. Теңгенің естелік монеталарын жасау дәстүрге айналған.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Қазіргі ақшаларда қандай суреттер берілген?

.....

Ә. Теңге күні қашан тойланады?

.....

Б. ҚР теңгесі қалай жасалды?

.....

В. Сіз тиындардан коллекция жинайсыз ба?

.....

Г. Нумизматика ғылымы нені зерттейді?

.....



8. Суретті сипаттаңыз.



.....

.....

.....

.....



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Он¹ хотел⁴ попить³ сок², но⁵ сестренка⁶ его⁷ уже выпила⁸.

2. Самал¹ уже заказала⁴ карточку³ в «Халык банке»².

3. Эти¹ сапоги² кожаные³, да⁴?

4. Я не успела ему об этом сказать, потому что он уже ушел.

5. У моей дочери украли телефон.

6. Я всё равно² не успела. Пока я доехала, они уже ушли.

7. Вот, возьмите пожалуйста, ручку с бумагой, и напишите заявление о продаже недвижимости.

8. Айжан уже далаимпо кусочку хлеба.

9. Я собираю монеты в коробках.

10. Сегодня будем писать контрольную работу.

11. Они внедрили новые стандарты работы².

12. Вам стоит прочитать книгу Клэйсона «Самый богатый человек Вавилона» и Кийосаки «Богатый папа, бедный папа». Из книг этих известных личностей вы можете узнать секреты успеха и богатства.



10. Сөздікпен жұмыс

Асырау	
Басып шығару	
Бәрібір	
Былғары	
Енгізу	
Жалған	
Жемқорлық	
Жұтым	
Жылжымайтын мүлік	
Кедей	
Қағаз	
Құтқару	
Пара	
Тиын	
Тұлға	
Түп	
Тілім	
Ұрлау	
Ұры	
Ұтыс	
Үлгеру	
Шығын	
Шырын	



2-тапсырмадағы қателер: араластыр – айт, құттықтау – тілек, ұйқы сүру – өмір сүру, біз үшін – кім үшін, алтын қолмен – алтын қасықпен.

3-тапсырмадағы логикалық сұрақтардың жауаптары: Ә) полиция өрт сөндірмейді; Б) атасы, баласы, әкесі болған; В) 3 жеміс (алма) қалады.

ХІ сабақ
ТАБИҒАТ





1. Сөйлесейік.

Қандай ерекше жануарларды білесіз?

- Қыста **жәндіктер**, құстар қайда кетеді?
- Суға шыдамды, бір ішкенде 250 литр су ішетін жануарды атаңыз.
- Ең **жыртқыш** жануарды атаңыз.
- Қойларға көп тиісетін жыртқыш жануарды айтыңыз.
- Қай жануар ертегілерде қу әрі өтірік көп айтатын кейіпкер болады?
- Ол су астында тіршілік етеді. Оны аулаймыз, сонымен ас әзірлейміз.
- Адамнан кейінгі ақылды жануарды атаңыз.
- Сөйлейтін құс қалай аталады?



2. Мәтінді оқыңыз.

ЖЫЛҚЫНЫҢ ҚАСИЕТІ

Жылқы – қазақ үшін, жалпы түркі халықтары үшін ерекше жануар. Ол қазақтың тарихында, мәдениетінде, дәстүрінде ерекше орын алады. Өйткені жылқы адамға жесе – тамақ, кесе – киім, жүрсе – көлік болған. Жылқы өз иесінің даусын, түрін танып, сөздерін түсінеді екен. Жылқы бір жерге үйренсе, басқа жаққа бара алмайды. Ол ұзақ сапарда – жолаушының, соғыста батырдың сенімді досы бола білген. Жылқы еті – ең жеңіл ет, басқа еттерге қарағанда, тез піседі. Ал қымыздың пайдасы өте көп.

ЕЖЕЛГІ ЖАНУАР

Пілдер 23 млн жыл бұрын пайда болған. Бұрын пілдердің 40-қа жуық түрі болғанымен, қазір үш түрі ғана қалған екен. Пілдердің көздері дұрыс көрмегенімен, құлақтары өте жақсы естиді. Олар қуанышты да, уайымды да сезеді, сезінеді. Олар суықты жақсы көреді. Ыстық болса, құлақтарын қозғалта береді. Кейбір пілдер сурет сала алады екен. Пілдер өзін ренжіткен адамды есінде сақтап қалады, сондықтан пілдерге тиіспегінііз дұрыс шығар.

ТОТЫҚҰС МЕКТЕПKE БАРАДЫ

Аустралияда тотықұстарға арналған арнайы мектеп бар. Онда құстарға сөйлеуді үйретеді. Сиднейдегі тотықұстар мектебінде 1974 жылы оқытушылар 50 оқушыға «5» деген, 20 оқушыға «3» деген баға қойғанмен, 2 тотықұсты келесі жылға қалды-

рып тастапты. Өйткені олар өз сыныптастарына дөрекі сөздер айтыпты. Америкада Бейби атты тотықұс белгілі бір кәсіпкердіңүйіне ұры түскенде, полиция қызметкерлеріне ұрылардың бірінің есімін атап берген. Бүгінгі таңда бұл құстардың 72 түрі мен 147 түршесі* Халықаралық табиғат пен табиғат ресурстарын қорғау кеңесінің «Қызыл кітабына» енген.

* түрше – подвид

ТІСТЕРІ ӨМІР БОЙЫ ӨСЕДІ

Сүйкімді әрі жұмсақ **қояндар** сіз ойлағандай болмаса, таңғалмаңыз! Әлемде қоян ауламайтын ел жоқ. Олардың жоғалып кетпеуі – таңғалатын жағдай. Өйткені олар тез көбейеді. Олар **мазасыз** болады. Олар жыртқыштардан **қашқанда**, өз территориясынан өтіп кетпейді екен. Қояндар 9 жыл ғана өмір сүреді. Деректер солай десе де, тарихта 13,5 жыл өмір сүрген қоян тіркелген. Қоян мен қасқырдың табиғатынан дос емес екенін жақсы білеміз. Латын тілінде бұл екеуінің атауы бір әріппен ғана ерекшеленеді: қоян – «Iepus», **қасқыр** – «Iupus».

Сұрақтарға ауызша жауап беріңіз.

- А. 2 тотықұс неге сабақтан 2 алып қалды?
- Ә. Жылқының қандай ерекшелігі бар?
- Б. Пілдер қашан пайда болған?
- В. Қоянды неге қорқақ дейміз?
- Г. Бұл жануарлар ертегілерде қалай беріледі?

Ет. + ғанмен/-генмен/-қанмен/-кенмен

Ет. + са/-се + да/-де/-та/-те

употребляются вместо уступительного союза «хотя»

Қатты шаршап тұрсам да, тамақ істедім.

(Я приготовила еду, хоть и была сильно уставшей).

Мен оған бұл туралы айтқанмен, ол сенбейді.

(Он не поверит, даже если я ему об этом скажу).

Ет. + тастау + жіктік жалғау

обозначает законченность действия, говорит об особой энергии, проявленной действующим лицом при совершении действия

Ол мәшинені өзі жуып тастады. – Он машину сам вымыл.

Аңшы қасқырды атын тастады. – Охотник застрелил волка.



3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Айжан қонақ бөлмені жасыл түске бояп тастапты.

2. Бұзық бала екен. Менің дәптеріме **көбелектің** суретін салып, жазып тастапты.

3. Экрандағы мына жарнамаларды қалай алып тастауға болады?

4. Бүгін бүкіл қысқы киімдерімді сөмкеге салып тастадым.

5. Ардақ, сіз құжаттарды комитетке апарып тастадыңыз ба?

6. Біз жұмыстан қашпаймыз. Кеше үйдің алдына ағаш **егіп** тастадық.

7. Ол бүгін ашуланып отыр. Кешірім сұрасақ та, есігін тарс еткізіп жауып тастады.

8. Көмек қажет емес, отыра беріңіз. Ыдыстарды өзім жуып тастаймын.

9. Сіз мені тыңдап тұрғанмен, түк те түсініп тұрған жоқсыз.

10. Қанша рет айтқанмен, орындамайды.

11. Жүз рет хабарлассақ та, телефонға жауап бермеді.

12. Мен қатты ашуланып тұрсам да, бірден ұрысып тастамаймын.

13. Қар жауып тұрғанмен, күн жылы болып тұр.

14. Саған ұнаса да, ұнамаса да, осыны аласың. Болды!

15. Мен ерте барғанмен, бәрібір саған көмектесе алмаймын.



4. Талқылайық.

ҮЙДЕ ЖАНУАР АСЫРАҒАН ДҰРЫС ПА?

Жанар: Жоқ. Үйде адамдар ғана тұру керек. Олардың үсті лас болады. **Жүні** әр жерге ұшып, барлық жерді бүлдіреді. Гигиеналық тазалық сақталмайды. Ол да қауіпті. Үйінде **тышқан** асырайтындар да бар екен. Ол – американдықтардан келген әдет. Ондай әдетті түсінбеймін. Жануар далада өмір сүру керек қой.

Айжан: Адамдар әрқашан табиғатпен байланысты. Сол үшін үй өсімдіктерін өсіремін, үй жануарларын асыраймын. Әркім әртүрлі ойлайды. Қалада ауылдағыдай емес, қиынырақ. Себебі көп қабатты үйлер үй жануарларын асырауға ыңғайсыз. Мен мысық асырағанды жақсы көремін. Олардың ойнағаны, **секіріп** жүргені көңілді көтереді. Бұрын бір тотықұсым болған. Ол көңілді құс болғанмен, біздің үйге үйрене алмады. Көшеде иесіз жануарлар көрсем, қатты **жаным ашиды**.

Берікбай: Маған бәрібір. Негізі қуаты аз адамдар итті жақсы көреді. Ал мысық адамның қуатын азайтады. Ит жақсы ғой. Бұрын ауылда тұрғанда, үйімізде **жолбарыс** деген ит болды. Сондай ақылды ит еді. Балалармен ойнайтын. Көршілерге біздің үйге кіру де қиын. Бірақ ол үйге келгеннің бәріне үре* бермейтін. Иттер жақсы адамдарды таниды дейді ғой. Айтпақшы, біздің үйде мысық та болды. Түнімен зыр-зыр етіп жүгіріп, секіріп, ұйқы бермейтін еді.

* мияулау – мяукать

* үру – лаять

Ал сіз қалай ойлайсыз?

Мен қосыламын, себебі

.....



5. Жазыңыз.

Жылқы жануар болса да, өз иесін жақсы түсінеді.

Аю үлкен болса да,

Құмырсқа кішкентай болғанмен,

Маймыл әдемі болмаса да,

Арыстан.....

Ит.....

Мысық

Піл

Тышқан

Қоян қорқақ.....

Шыбын

Түлкі қу болғанмен,



2. Мәтінді оқыңыз.

ТАБИҒАТПЕН БАЙЛАНЫС

Қала пәтерлеріндегі өмір адамдарды табиғаттан **алыстатты**. Соған байланысты біреулер үйде жануарлар асыраса, екінші біреулер өсімдіктер өсіреді. Өсімдіктер адамдарға табиғи сұлулық қана емес, жақсы көңіл күй сыйлап, денсаулыққа жақсы әсер етеді.

Алоэ – үй өсімдіктерінің ішіндегі ең танымал түрі. Оның емдік қасиеті де көп. Иммуитетті көтереді әрі гайморит, гастрит, тұмау ауруларын емдеуге көмектеседі. Әйелдер оны бет күтіміне де пайдаланады. Ол бетті ылғалдандырып, теріні сақтайды.



Хлорофитум – кез келген мекеменің, үйдің сәні. Бұл әдемі өсімдік бөлмені улы газдардан, темекі **түтінінен** тазартады. Хлорофитум аллергия мен ауру тудыратын микроағзаларды кетіреді.



Әр гүлдің өзінің **егу**, **топырағын** дайындау, ауыстыру әдістері мен **суару** ерекшеліктері бар. Бөлме өсімдіктері жарықты қажет еткенімен, олардың көбі күн көзін ұната бермейді. Мысалы, кактус, фаукария, сенецио сияқты гүлдер жарықты жақсы көретін гүлдерге жатады. Әр өсімдіктерінің өз орны болуы керек. Сол себепті оларды орнынан көп қозғауға болмайды. Бөлме гүлдеріне құятын судың температурасы бөлме температурасымен бірдей болғаны дұрыс.



Сипаттаңыз. Жаңа сөздерді пайдаланып, әңгіме құрастырыңыз.





8. Сіз не істейсіз?

А. Сіз жалғыз өзіңіз зообақта жүрсіз. Бір кезде жолбарыс өз бөлмесінен шығып кетіп, сол жердегі қызметшінің үстіне секірді. Екеуі төбелесіп, ол қорғана алмай жатыр. Қызметшіні қалай құтқарасыз?

Ә. Сіз табиғатты қорғау туралы конференцияға қатысып отырсыз. Сізге біреу «Біз табиғатты қалай қорғаймыз? Қарапайым жолдарын айтыңызшы», – деді. Сұраққа жауап беріңіз.



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Я¹ ответил⁵ на все³ вопросы⁴, хотя и не готовился².
2. Папа вчера был сильно зол, поэтому отключил интернет.
3. Хотя² я¹ и устал², не мог заснуть³.
4. Мой отец отвёз на машине старшего брата в город.
5. Лиса – самый умный и хитрый персонаж сказок и привлекательный хищник с красной шерстью.
6. Хотя ты и моложе меня, можешь называть меня по имени.
7. Мне жалко когда убивают насекомых.

8. Вчера младший брат разбил вазу. Он не заплакал, хотя мама сильно поругала его.
9. Вчера мы ходили в цирк. В шоу участвовали разные животные: обезьяны, тигры, львы и медведи.
10. Бабочки могут видеть красный, зеленый и желтый цвета.
11. Это дым от пожара.
12. Цветы быстро растут, хотя я забываю их поливать.
13. Он не умеет водить, хотя у него есть машина.
14. Мы не успели посадить деревья, хотя уже подготовили почву.



10. Сөздікпен жұмыс

Алыстау	
Арыстан	
Аю	
Егу	
Жаны ашу	
Жәндік	
Жолбарыс	
Жүн	
Жыртқыш	
Көбелек	
Қасқыр	
Қашу	
Қоян	
Қу	
Мазасыз	
Маймыл	
Піл	
Секіру	
Суару	
Топырақ	
Тотықұс	
Түлкі	
Түтін	
Шыбын	

XII сабақ

СЕҢІМ





1. Сөйлесейік.

Сіздің есіміңізді кім қойған? Не үшін? Есіміңіз қандай мағына береді?

.....

.....



2. Мәтінді оқыңыз.

НЕГЕ СЕНЕСІЗ?

Өмір үнемі өзгеріп отырады: ештеңе бір орында тұрмайды. Барлық **өзгерістер** техника мен ғылымдағы, бизнестегі жетістіктердің әсерінен болып жатыр. Бір қызығы, заманауи технологиялардың дамуына **ырымдар** да жақсы әсер етуде. Олар біздің өмірімізге еніп кеткендіктен, кейде тіпті байқамай қалып жатамыз. Ырымдар мен сенімдер – фольклордың, сонымен қатар, мәдениеттің бір бөлігі. Олар тілге, халыққа, **дінге** байланысты пайда болған. Әрине, ол ырымдар да жақсы-жаман жағдайлармен дәлелденгендіктен, біз оларды жазылмаған заңдай орындаймыз. Мысалы, Қытайда ең сәтті сан 8 саны болса, 4 саны **өлуге** себеп болады деген **сенімге** қазіргі **өркендеу** кезіндегі жаңалықтар да **қарсы шыға** алмай келеді. Сол себепті қытайға барғанда, көп қабатты үйлердің лифтісінен 4 деген сан көрмейсіз. Ал Үндістанда бейсенбі күні шаштараз іздеп **әуре болмаңыз**. Өйткені оларда бұл күні шаш қидыруға болмайды. Италияндықтар мысықтың **түшкіргенін** естісе, «**жолым болады**» деп қуанады. Гректер кім түшкірсе, сол туралы әңгіме айтып жатыр екен дейді. Ал біз үшін түшкіру – **шындықтың** белгісі. Америкада бір **сіріңкемен** үш **отты**, темекіні жағуға болмайды деген ырым бар. Ондай сенім дүниежүзілік соғыс кезінде пайда болған екен. Қызық, Жапонияда үш кісі бірге суретке түспейді, оларда тамақ жейтін **таяқты** тігінен ұстауға, адамның атын қызыл қарындашпен жазуға болмайды. Ырымға сенгіш американдықтар бір кездері 2 доллардың банкнотын басып шығаруды тоқтатқан екен. Яғни оларға 2 саны ұнамаған. Бүкіл Еуропа халқында алдыңнан өтіп бара жатқан мысық, ылғал қолшатыр, нанға қатысты көптеген ырымдар бар. Түркияға барсаңыз, барлық жерде көзге ұқсайтын, көк, ақ, қара түсті **моншақтар** толып тұрады. Әрине, ол – көз тиюден сақтайтын нәрсе. Ол – түркі халықтарында ғана емес, барлық халықта бар ырым. Тек бәрі моншақ таға бермейді. Ондай ырымдарға сенбесе де, өз-өзіне **күмәнданып** жүретіндер де бар.

*көз тию – сглазить

Қай халықта қандай ырым-тыйым бар?

Итальяндықтар	
Үндістер	
Қазақтар	
Түріктер	
Қытайлар	
Жапондар	

Ет. + ып/-іп + бара жатыр + жіктік жалғау

обозначает действие, которое происходит в данный момент

Ол Алматыға кетіп бара жатыр. – Он сейчас едет в Алматы.

Ет. + деп жатыр/жүр/отыр/тұр + жіктік жалғау

собираться, намереваться что-то сделать

Ол Алматыға кетейін деп жатыр. – Он собирается поехать в Алматы.

**3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.**

1. Мен Ардақтың үйінің қасынан өтіп бара жатырмын.

2. Мен Мараттың үйіне енді жетейін деп жатырмын.

3. Түсімде құстармен бірге ұшып бара жатыр екенмін.

4. Ол ұшақпен ұшайын деп жатыр екен.

5. Уақыт өтіп бара жатыр.

6. Поштамды енді ашайын деп отырмын.

7. Ертең тойға барайын деп жатырмыз.

8. Кешіріңізші, мен жиналысқа кетіп бара жатырмын.

9. Әуре болмаңыз, мен басқа жаққа кетейін деп тұрмын.

10. Оны кеңсеге кіріп бара жатқанда көріп қалдым.

11. Самал шетелге барайын деп жүр.

12. Енді не істейін деп отырсың?



6. Диалогті оқыңыз.

- Айжан, бүгін сен туралы жақсы түс көрдім. Қызың оқуға түседі екен.
- О, рас па? Кеше қайта-қайта айтып отыр едің.
- Түсімде қызың екеуің кітап ұстап бара жатыр екенсіңдер. **Мәз** болып бара жатырсың. Қызың байқауға қатысайын деп жатыр екен. Бір кезде биікке шығып алыпты. Жақсы маман әрі білгіш болатын шығар. Жақсылыққа **жорыдым**.
- Айтқаның келсін. Оқуға түссе, бірінші сенен сүйінші сұраймыз.

* * *

- Кім түс жори алады? Түсінде тап-таза суда жалаңаяқ жүрсең не болады?
- Жақсы түс қой. Жақсы бір жаңалық болайын деп тұр, бұйырса. Кеше мен де қызық түс көрдім. **Есінеп** жатқанда, аузымнан алтын шығып жатыр. Анама айтайын деп орнымнан тұрып жатқанда, аяғымның асты да алтын болып тұрды... Мәз болып **ояндым**.
- Жолың болады* екен. «Бизнес бастайын деп жатырмын» – деп едің. Айттым ғой, қорықпай ісінді баста деп.
- Рақмет, бұйырса. Әңгіме сенің түсің туралы еді, мен өз түсімді айтып кетіппін ғой.

* * *

- Апа, кеше сіңілім түсінде пышақ көріпті?
- Е-е-е, құдаша жүкті ме еді?
- Иә...
- Онда бір батыр туайын деп тұр екен. Балам, сендерге де жұғысты болсын.

* Жолы болу – везти (об удаче, везении в делах)

Жұғысты болсын – пусть и у вас будет такая радость (доброжелательность)

Ет. + ғыш/-гіш/-қыш/-кіш

с помощью этих суффиксов образуются как прилагательные, так и существительные

ұш – ұшқыш (летчик), **көргіш** (хорошо видящий, зоркий), **білгіш** (знающий, всезнайка), **сенгіш** (доверчивый), **ренжігіш** – (обидчивый), **байқағыш** (наблюдательный), **сыпырғыш** – (метла), **сызғыш** – (линейка), **жанғыш** – (легковоспламеняющийся)



5. Суретке тақырып қойыңыз. Түсіндіріңіз.



6. Талқылайық.

«ТІФӘ-ТІФӘ, МЕН ЫРЫМҒА СЕНБЕЙМІН»

Ұлдана: Мен ырымшылмын. Миымда үнемі сандар тұрады. Тіпті нөмірінде сәтсіз сандары бар адамдарға телефон соқпаймын. Кейде қонақүйлерде сәтсіз нөмір берсе, бармай қоямын. Сары түсті жақсы көрсем де, сары түсті раушанды жек көремін. Сейсенбі күні ешқандай істі бастамаймын, ешқандай істі аяқтамаймын. Біреу аяғымды **басып** кетсе, қатты ренжимін. Мен істей алмайтын және істегім келмейтін нәрселер өте көп. Бірақ осы ырымдарды сақтасам, көңілім тыныш болады.

Дана: Мен егіздің сыңарымын. Мен ырымдарға, **жұлдыз жорамалға** ешқашан сенген емеспін. Ол – білімнің жеткіліксіздігінен және діни сенімдерден пайда болған нәрсе. Адам әрқашан өзіне сену керек. Сыңарым Айжан барлығына сенеді. Маңызды жерге баратын болса, басын жумайды. Жұлдыз жорамалда бүгін ешқайда бармаңыз десе, өрт болса да, оны үйден шығара алмайсыз. Мойнына неше түрлі алқа, моншақ, **түйме** тағып жүреді. Түнде үй **сыпыруға** болмайды деп ұрсады. Бірақ оған ешнәрсе демеймін. Мен оң қолмен жазамын, ал ол солақай. Кейде адамдар «неге екеуің екі түрлісіңдер?», – деп таңғалады. Өйткені біз екі адамбыз.

* ырымшыл – суеверный

Менсияқтымын. Өйткені мен де
.....
.....



7. Сіз не істейсіз?

А. Сіз өз әйеліңізбен (күйеу) Дубайға демалысқа баратын болдыңыз. Көптен күткен демалыс. Әрең билет алып, әйеліңізге бердіңіз. Әйеліңіз бармаймын деді. Себебі 13 маусымда ұшады екенсіздер. Сізге «13-не неге алдың? Сәтсіз сан», – деп ренжіді. Енді қалай көндіресіз?

.....
.....



8. Мәтінді оқыңыз.

Көптеген психолог мамандар адамдардың күнделікті өмірде қолданған сөздері өмірге, ісіне, мінезіне, тіпті денсаулығына да әсер ететінін айтады. Неге олай, себебі адамдардың айтқан барлық сөздері ішінен шығады. Біреуге ұрысқанда, ашуланғанда айтқан сөздеріңіз біреуге емес, бірінші өзіңізге әсер етеді. Психосоматик Пезашкиан біздің сөйлеген сөзіміз денсаулығымызға тікелей байланысты екенін дәлелдеген. Біз байқамаймыз, бірақ ұрысқанда, көбіне дене мүшелерін қосып айтады екенбіз. Сіз нені айтып тұрсаңыз, сол мүшеніңізге әсер етеді. Мысалы, «басымды ауыртпашы», «басың істемей ма?», «басым жарылайын деп тұр» сияқты сөздер бас ауруға, «әбден тойдым», «ішім-ай» деген сөздер ішауруына, «кетші» деген сөз аяқ ауруына, «көзіме көрінбеші», «не қарайсың?» десеңіз, өзіңіз айтып тұрғандай, көзіңізге әсер етеді. Ал балаларға «қазір құлап қаласың», «ауырып қаласың», «ұмытып қаласың» деудің орнына «абайлап жүр», «киініп жүр», «есінде сақта» деп сөйлегеніміз дұрыс. Сөзімізге мұқият болсақ, өзімізге жақсы. Сондықтан жақсы сөздер сөйлеп, жақсы өмір сүрейік.

А. «Психосоматика» термині туралы не білесіз?

.....
Ә. «Қобалжудан құтылудың ең тиімді жолы – кітап оқу» деген оймен келісесіз бе?

.....
Б. Мәтінге тақырып қойыңыз.

.....



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Пожалуйста, не беспокойся думая обо мне. Все будет хорошо!

2. Нажмите³ кнопку² старт,¹ и⁴ выполните⁵ задание⁶.

3. Айжан собирается подмести холл, а твою комнату уже подметали сегодня утром.

4. Я в гороскопы не верю, но всё равно их читаю.

5. Доктор Валюзинский² из Франции¹ подсчитал⁸, что⁷ за всю свою жизнь⁴ человек³ зевает⁷ примерно⁵ 250 тысяч раз⁶.

6. Наша страна процветает день за днем, и меня это очень радует.

7. Ты сомневаешься в моих способностях?

8. Какие изменения произошли в твоей жизни?

9. Это – трость моего деда.

10. Если вы видите во сне красивые бусы на себе, то вас ждет счастливая жизнь.

11. Здесь самое главное – вера. Верь в себя!

12. В народе говорят, что если человек чихает, то в данный момент о нем кто-то думает или говорит.



10. Сөздікпен жұмыс

Әуре болу	
Басу	
Дін	
Жору	

Жұлдыз жорамал	
Күмәндану	
Мәз	
Моншақ	
Мұқият	
От	
Ояну	
Өзгеріс	
Өлу	
Өркендеу	
Сенім	
Солақай	
Сыпыру	
Сіріңке	
Таяқ	
Түйме	
Түшкіру	
Шындық	
Ырым	

XIII сабақ

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАР





1. Сөйлесейік.

1. – Жүрші, екеуіміз театрға барып келейік.
– Жоқ...
■ Самалмен бара салшы, шаршап тұрмын.
■ Үйде жұмыс көп, бәрін тастап театрға қалай барамыз?
2. – Бірге банкке барып келейікші.
– Не үшін?
– ...
■ Карточкамның уақыты өтіп кетіпті. Жаңа карточка алуым керек.
■ Ақша аударуым керек.
3. – Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, төлқұжатқа тапсырыс беріп келдім!
– Не үшін?
– ...
■ Келесі айда шетелге оқуға барамын.
■ Болашақта керек болады.
4. – Жұмыстарымды бітірдім! Кеттік.
– Бітіріп қойдың ба?
■ Иә, кезек болмады.
■ Иә, барлығын тапсырып кеттім. Ертең келемін.



2. Газет оқиық.

АЛМАТЫДА МЕТРОПОЛИТЕН АШЫЛДЫ

*Бүгін Алматыда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Алматы метрополитені **іске қосылды**. Елбасы жаңа метроның алғашқы жолаушысы атанды.*

Алматы метросы – Қазақстандағы алғашқы, Орталық Азиядағы екінші және ТМД-дағы он алтыншы метрополитен. Метро 2011 жылдың 1 желтоқсанында іске қосылған. Оның **ұзындығы** – 8,56 км. Пойыз жолдың бір басынан екіншісіне дейін 10 минутта жетеді. Тереңдігі – 40 метр. Пойыз 7 бекетке тоқтайды.

«Бұл Қазақстан тарихындағы алғашқы метрополитен *болғандықтан*, бүгін еліміз үшін тарихи күн», – деді Президент.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Метрополитен қашан іске қосылған?

.....

Ә. Пойыз неше бекетке тоқтайды?

.....

Б. Алматы метрополитенінің алғашқы жолаушысы кім?

.....

Ет. + дықтан/-діктен

обозначает причину действия

Сен келмегендіктен, мен де кетіп қалдым.

(Я тоже ушел, так как ты не пришла).

Ақшам болмағандықтан, билет алған жоқпын.

(Я не взял билет, потому что у меня не было денег).



3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

А. Пойызбен 2 күн бойы жүргендіктен, қатты шаршадым.

.....

Ә. Самал түнде ауырғандықтан, дәрігер шақырттық.

.....

Б. Сізге төлқұжат болмағандықтан, шетелге шыға алмайсыз.

.....

В. Ол кешігіп келгендіктен, жиналыс уақытында басталған жоқ.

.....

Г. Марат тіпті дәптеріне түзу **сызықты** да дұрыстап сыза алмағандықтан, мұғалім оған ұрысты.

.....

Ғ. Самат пен Арай сыныптас болғандықтан, бір-бірін жақсы біледі.

.....

Д. Ұшақ кешігіп қонғандықтан, көп күтуге тура келді.

.....

Е. Анам тамақ пісірмегендіктен, кеше мейрамханада тамақтандық.

.....

Ж. Жанар кешіккендіктен, қатты уайымдадым.

.....

З. Ол құжатын жоғалтып алғандықтан, анам маған ұрысты.

.....



4. Мәтіндерді оқып, мазмұнын айтыңыз.

ХРУСТАЛЬ САРАЙ

Әлемнің танымал көрмелерінің алғашқысы Foire de Saint Denis деп аталады. Бұл көрме Париж маңында өткен. Әлемдегі ең алғашқы көрмені 629 жылы Дагоберт король **ұйымдастырған**. Алғашқы дүниежүзілік көрме 1851 жылы Лондондағы Гайд паркінде өтті. Көрменің ұраны мынадай болды: «Барлық ел ұлы іс – адамзатты **жетілдірумен** айналыссын». Көрменің негізгі көрнекті жері Джозеф Пакстон салған **темірден және шыныдан** салынған Хрусталь сарай болды. «Алтын ғасырды» **бейнелейтін сарай***. Хай-тек стилінде салынған әлемдегі ең алғашқы ғимарат алты-ақ айда салыныпты.

ЭКСПО

Әлемдегі танымал ғимараттардың көбі ЭКСПО кезінде салынғанын бірі білсе, бірі білмейді. 1867 жылы Парижде қатысушы-елдердің экспозицияларын арнайы салынған ұлттық павильондарға орналастыру дәстүрін бастаған Дүниежүзілік көрме өтті. Францияның астанасы ұзақ уақыт бойы басты көрме орталығы болды. 1889 жылы Эйфель мұнарасы Париж көрмесінің ескерткіші болды. Ал танымал Король көрмесінің ғимараты 1880 жылы Мельбурнда өткізілген дүниежүзілік көрмені өткізу үшін салынған. Король көрмесінің ғимараты ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік **мұрасы** статусы берілген Аустралиядағы алғашқы ғимарат атанған. Атомиум 1958 жылғы Брюссельде өткізілген Дүниежүзілік көрмеге арналып салынған. **Құрылыс** 165 миллиард есе үлкейтілген темір молекуласының моделін бейнелейді. Ол – ғылыми прогрестің символы.

АСТАНА EXPO-2017

2017 жылы Астана қаласында «Болашақ қуаты» тақырыбында ЭКСПО-2017 көрмесі өткізілді. EXPO-2017 көрмесіне 115 мемлекет және 22 халықаралық **ұйым** қатысты. Астана ЭКСПО-2017 Көрмесінің архитектуралық символы саналатын көрменің орталық элементі – «Нұр Әлем». Ол – сфераны бейнелейтін әлемдегі ең үлкен ғимарат. Ғимараттың 1-қабатында Қазақстан павильоны орналасқан. Мұнда келушілер елдің тарихымен, мәдениетімен, дәстүрімен, көрікті жерлерімен, сонымен қатар, Қазақстанның соңғы жетістіктерімен таныса алады. Сфераның ішінде «Болашақ музейі» орналасқан. Бұл жай ғана музей емес, «Нұр Әлем» көрмеден кейін инновациялық хаб және маңызды зерттеу әрі мәдени орталыққа айналуы керек. Мұнда энергияның негізгі түрлері ұсынылған: ғарыш, күн, биомасса, жел, су және кинетика.

* Мұнара – башня, сарай – дворец

Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Ең алғашқы дүниежүзілік көрме қайда өткізілген?

.....

Ә. ЭКСПО кезінде қандай танымал ғимараттар салынған?

.....

Б. Сіз ЭКСПО-2017 көрмесіне қатыстыңыз ба?

.....

В. Сізге қай елдің павильоны көбірек ұнады? Неліктен?

.....

Ет. + а/-е/-й (-и) + салу

выступает в качестве вспомогательного глагола и выражает завершенность, внезапность или неожиданность действия

Айта салды. – Сказал нежданно.

Маған бере сал. – Отдай мне.

Ол мені үйге дейін шығарып салды. – Он выводит меня до дома.

**5. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.**

А. Оған ескерте салыңызшы.

Ә. Мына нөмірге хабарласып, менің семинарға баратынымды айта салыңызшы.

Б. Төлқұжатқа тапсырыс бере салсаңызшы, керек болады.

В. Менің орныма сіз бара салыңызшы.

Г. Маған да **кесте сызып** бере салшы.

Ғ. Теледидардың дауысын ақырындата салшы.

Д. Маған да халыққа қызмет көрсету орталығынан анықтама ала салшы.

Е. Шығарда есікті жаба салшы.

Ж. Ақшам жетпегендіктен, арзанын ала салдым.

З. Мен сурет сала алмағандықтан, бейнелеу өнері сабағын жақсы көрмейтінмін.



6. Диалогті оқып, аяқтаңыз.

ЕМХАНАДА

- Айдана, сіздің **қан** анализіңіздің қорытындысы дайын.
- Жүкті болғандықтан,.....
- Қорықпаңыз, анализіңіз жақсы, ешқандай қауіп жоқ. **Жүкті** болған соң, 5-6 аптаға дейін біраз ауыруыңыз мүмкін.
- Бірінші балам болғандықтан,.....
- Иә, дұрыс. Қане, көрейінші. Мына жерді бассам, ауыра ма?
- Иә, ауырады.
- Мен сізді УЗИ-ге жіберейін. Бірақ қорықпаңыз, қауіпті ештеңе жоқ.
- Солай деңізші. Қорқып кеттім ғой, әйтпесе.
- Уайымдамаңыз, мен сізге дәрумендердің атын жазып беремін. Сіздің аллергияңыз жоқ қой, иә?
- Жоқ.
- Онда жақсы. Дәруменді күніне 3 рет ішіңіз. Сосын УЗИ **нәтижесін** алып, маған келіңіз. Айтпақшы, етті, балықты көп жеңіз, сүт өнімдерін пайдаланыңыз.
- Жарайды, рақмет!

ДӘРІХАНАДА

- Сәлеметсіз бе? Маған **жақпамай** керек.
- Сәлеметсіз бе? Қолыңыз **сынған** ба? Сізде рецепт бар ма?
- Иә, міне. Сосын маған бинт *бере салыңызшы*.
- Міне, алыңыз. Жақпамайды күніне 2 рет жағасыз.
- Қанша болды?
- 780 теңге.
- Міне, ақшаңыз. Рақмет!
- Сауығып кетіңіз!

КИНОТЕАТРДА

- Сәлеметсіз бе? Бізге 22:10-дағы киноға билет беріңізші.
- Кеш жарық. Орын таңдаңыз. Қай **қатарға** отырғыларыңыз келеді?
- 8 қатардағы 6,7-орынға 2 билет *бере салыңызшы*. Айтпақшы, карточкамен төлеуге болады ғой, иә?
- Әрине. Қол қоя салыңызшы.
- Қазір...
- Міне, билеттеріңізді алыңыз. Кино жарты сағаттан кейін басталады. Келіп тұрыңыздар!
- Рақмет!



7. Диалогті жалғастырыңыз.

Мен өткен айда жұмыс бабымен Лондонға бардым. Онда мен Сара деген қызбен таныстым. Сара да мен сияқты құрылыс компаниясында жұмыс істейтіндіктен, екеуміз тез тіл табысып кеттік. Ол маған құрылыс саласындағы жаңалықтарды айтып берді. Мен алдағы жоспарлармен бөлістім. Сосын мен Сараны ЭКСПО-ны көру үшін Қазақстанға шақырдым. Сара Қазақстанға алғаш рет келіп тұрғандықтан, мен оны күтіп алдым. Ең алдымен, Сараны Астанаға тіркеу үшін халыққа қызмет көрсету орталығына алып бардым.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНДА

- Сәлеметсіз бе? Бұл – Сара. Ол американдық болғандықтан,
- Сәлеметсіз бе? Жақсы, қазір мына талонды аласыз да 2-қабаттағы кассаға кезекке тұрасыз. Кассаға ақша төлеп болғаннан кейін маған келесіз.
- Жарайды. Бірақ оның ақшасы доллар болғандықтан,
- Оны кассадан сұрай салыңызшы. Сосын мына чегіңізді алып, бесінші үстелге барасыз. Олар сізге бәрін түсіндіріп береді.
- Жақсы, бәрі түсінікті, рақмет!



8. Сіз не істейсіз?

Сізден шетелдік азамат Астанада қандай жерлерді аралауға болатынын, оған қалай бара алатынын сұрады. Оған қайда, қалай баруға болатынын, ол жердің ерекшеліктерін айтып, түсіндіріңіз.

Үлгі:

1. **Пікір.** Менің ойымша, ... баруға болады.
2. **Дәлел.** Себебі ...
3. **Мысал.** Мысалы...
4. **Қорытынды.** Сол себепті, сондықтан...



9. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Мы¹ взяли⁶ два⁴ билета⁵ на пятый² ряд³.

2. Я¹ принимал участие⁷ на всемирном² фестивале⁶ молодежи³ и⁴ студентов⁵.
3. Я подумал, что телевизор сломался и очень испугался.
4. Так как Маржан не была дома, я оставила стеклянную вазу Гаухар.
5. Мы ввели в действие новый сайт.
6. Жанар хорошо ладит с детьми.
7. У меня рука уже не болит, так как вечером по рецепту врача я намазала мазь.
8. Если вам что-то не понятно, переспрашивайте.
9. Эта книга помогает мне совершенствовать мои знания.
10. Я не представляю себя на твоём месте, я бы не смогла все это сделать за пол часа.



10. Сөздікпен жұмыс

Бейнелеу	
Жақпамай	
Жетілдіру	
Жүкті	
Кесте	
Қан	
Қатар	
Құрылыс	
Мұра	
Нәтиже	
Сызу	
Сызық	
Сыну	
Темір	
Түсінікті	
Тіл табысу	
Ұзындық	
Ұйым	
Ұйымдастыру	
Шарт	
Шыны	
Іске қосу	

XIV сабақ
МАХАББАТ





1. Сөйлесейік.

КІМДІ, НЕ ҮШІН ЖАҚСЫ КӨРЕСІЗ?

Өмірде **мінсіз** адам болмайды. Бірақ соған қарамастан біз көп адамдардың арасынан өзімізге дос табамыз, көп адамның ішінен сүйіктімізді танимыз. Ал ата-анамызды, туған-туыстарымызды не үшін жақсы көретініміз туралы ойланбаймыз да. Себебі біз олардың **кемшілігіне** мән бермейміз. Ойланып көріңізші, сіз досыңызды, сүйіктіңізді не үшін жақсы көресіз?

Мысалы, менің Арай, Әсел деген **жан достарым*** бар. Біз студент кезімізден доспыз. Тіпті бір-біріміздің отбасымызбен де жақын араласамыз. Арай мен Әселдің мінезі екі түрлі. Арай – өте сабырлы, сыпайы, ақылды қыз. Көп сөйлемейді, бірақ адамдармен тез тіл табысады. Ал Әселдің әлемі мүлде бөлек. Ол өнер адамы болғандықтан, мінезі тез өзгереді. Кейде бала сияқты кішкентай нәрсеге қуанады, кейде кішкентай нәрсеге ашуланып, сөйлеспей қалады. Бірақ ол өте **адал**. Арай екеуіміз кейде Әселді түсінбей қаламыз, сөйлеспей қалатын кездеріміз де болады. Бірақ ол мінезін кемшілігі деп санамаймыз. Мүмкін Әселді сол мінезі үшін де жақсы көретін шығармыз...

А. Өзіңізді досыңыз немесе сүйіктіңіз туралы, оны не үшін жақсы көретініңіз туралы айтыңыз.

- Аты кім?
- Жасы нешеде? Немен айналысады?
- Келбеті қандай?
- Мінезі қандай?
- Сіз оны не үшін жақсы көресіз?

* *Жан досым – настоящий, сердечный друг*



2. Диалогті оқыңыз.

Талғат: Асқар, сіз не үшін ұшқыш мамандығын таңдадыңыз?

Асқар: Мен аспанды жақсы көремін. Кішкентай кезімде туған жерімнің үстінен аспанмен ұшып өтсем деп армандайтынмын. Сол арманым мені осы мамандыққа алып келді.

Талғат: «Армандар орындалады» дейсіз ғой! Сіз қайда оқыдыңыз?

Асқар: Мен Алматыдағы Азаматтық авиация академиясында 3 жыл оқыдым. Содан кейін Флоридадағы технология институтына түсіп, онда 1 жыл оқып, елге оралдым. «ЭйрАстана» ұлттық әуекомпаниясында жұмыс істеп жатқаным 8 жыл болды.

Талғат: Бала арманыңыз орындалған екен. Сіз өзіңізді бақытты адаммын деп есептейсіз бе?

Асқар: Әрине, мен өте бақыттымын. Ұшқыш болу үшін көп еңбек еттім. Қазір ұшқыш болып, еліме қызмет етіп жүрмін. Әйелімді де ұшақта кездестіріп, ұшақта оған **сезімімді білдірдім***. Мен **тағдырыма** ризамын. Аспан мен үшін елге деген, өмірге деген, отбасыма деген махаббатымның символы сияқты.

* *Сезім білдіру – выражать чувства*

Айтыңыз.

А. Асқар не үшін ұшқыш мамандығын таңдаған?

Ә. Ол әйелін қайда кездестірген?

Б. Сіз үшін махаббат деген не?

Ет. + а/-с/-й + жаздау

вспомогательный глагол **жаздау** показывает, что действие чуть не свершилось или действующие лицо едва удерживается от свершения действия.

Соответствует значениям частиц «чуть не», «едва не»

Ұмытып кете жаздадым. – Чуть не забыл.

Айта жаздады. – Чуть не сказал.

Жоғалтып ала жаздады. – Чуть не потерял.

Мен кешігіп қала жаздадым. – Я чуть не опоздал.

Сендер күліп жібере жаздадыңдар. – Вы чуть не засмеялись.



3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

А. Мен бәрін Маратқа айтып қоя жаздадым.

Ә. Бүгін сабақта ұйықтап қала жаздадым.

Б. Оны көргенде, **ғашық** екенімді айтып қоя жаздаймын.

В. Мен көйлегімді бүлдіріп ала жаздадым.

Г. Кішкентай қыздың **жіңішке**, арық саусақтарын көргенде жаным ашып кетті.

Ғ. Ағаштың тамыры – өскен жерінде, адамның тамыры – туған жерінде.

Д. Көзіме жас келіп, жылап қоя жаздадым.

Е. Самат бәрін сезіп қоя жаздады.

Ж. Қорыққаннан **жүрегім** тоқтап қала жаздады.

З. Сіз құжаттарды ұмытып кете жаздадыңыз.



4. Мәтінді оқыңыз.

МАХАББАТ ҚҰПИЯСЫ

- Раушан гүлі махаббаттың символы болып есептеледі. Сүйіктіңізге сыйлайтын раушан гүлін таңдағанда түсіне мән беріңіз. Себебі оның түсі әртүрлі мағына береді.
- Ғашық адамдар тәттіні, әсіресе шоколадты көп жейтіні ғылыми түрде дәлелденген.
- **Неке** жүзігі оң қолымыздағы төртінші саусаққа тағылады, себебі дәл сол саусақта «махаббат **тамыры**» орналасқан.
- Жемістердің ішінде алма түсін өзгертпей, жақсы сақталатыны белгілі. Міне, сондықтан гректер жақсы көретін адамына алма сыйлап, сезімін білдіретін болған.
- Зерттеулерге қарағанда қиын немесе қызық жағдайда кездескен **жұптардың** махаббаты ресторанда танысқан жастардың махаббатынан **мықты** болады екен.

Ет. + ып/-іп/-п + шығу

вспомогательный глагол **шығу** показывает полное завершение действия и выход из процесса

Мен барлық ыдысты жуып шықтым. – Я вымыл всю посуду.

Жаңа келген мұғалім барлық оқушылармен танысып шықты. –

Новая учительница познакомилась со всеми учениками.

Мен осы кітаптың бәрін оқып шықтым. – Я полностью прочитал все эти книги.



5. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Жанар бұл киноның барлық сериясын көріп шыққан.

2. Мен әжемнің үйіне кіріп шығайын. **Ұят** болмасын.

3. Айдана өзі нәзік болғанымен, даусы **жуан** екен.

4. Сен ұйықтап ал, мен үйдің ішін тазалап шығайын.

5. Мен бұл кітапты 2 күнде оқып шықтым. Өте қызық кітап.

6. Самал екеуіміз 1 апта Астанада болдық. Қаланың бәрін аралап шықтық.

7. Үйге кіріп, баскиімімді алып шығайын.

8. Жүр, үйге барып шай ішіп шығайық.

9. Мен семинардан көп нәрсе біліп шықтым.

10. Сен тамақ ішіп шықтың ба?



6. Мәтінді оқыңыз.

ТІЛГЕ ҮЙРЕНУГЕ ДЕ МАХАББАТ КЕРЕК...

Менің атым – Евгений. Өзім орыс болсам да, балалық шағым Қазақстанда өтті. Сондықтан қазақ тілінде еркін сөйлеймін. Мен үшін қазақ тілінің ашылмаған құпиялары өте көп. Мен қазақтың **аңыздарын** оқығанды жақсы көремін. Себебі аңыздарда халықтың ырым, сенімі, өмірге деген **көзқарасы** бейнеленеді.

Қазір мен Жұбаныш Жексенұлы, Қайрат Нұртас, Айқын Төлепберген, Димаш Құдайбергенов, Маржан Арапбаева сияқты әншілердің әнін **сүйіп** тыңдаймын. «Музарт» тобының әндері де ерекше.

Мені достарым «сары қазақ» деп атайды. Айтып жүрген әндеріме қызығып, қазақ тілін қалай үйренгенімді сұрайды. Бірақ басында өзім де кітапханадағы қалың кітаптарды ашуға қорқатынмын. Әдейі жұқа кітаптарды таңдап алып, оқи бастадым. Үйреніп кетеді екенсің. Сөйтіп **«Махаббат, қызық мол жылдар»**, **«Менің**

атым Қожа» сияқты шығармалардың **түпнұсқасын** оқып шықтым. Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін де жақсы көремін. Оның поэзиясында қазақ ұлының туған жерге деген **нәзік** сезімі, өмірге деген махаббаты жазылған. Сөйтіп, қазақ сөзін түсінген сайын қазақ халқының мәдениетіне деген **қызығушылығым** артты. Меніңше, тіл үйрену үшін де махаббат керек.

Айтыңыз.

А. Евгений қазақ тілін қалай үйренген?

Ә. Өзіңіздің тіл үйрену тәжірибеңізбен бөлісіңіз.



7. Диалогтерді оқыңыз.

– Келе ғой, құлыным*, саған ертегі оқып берейін.

– Алақай! Ертегі тыңдаймын. Әжетай, бүгін қандай ертегі оқып бересіз?

– Бүгін мен «Мақта қыз бен мысық» деген ертегі оқып беремін. Кел, отыра ғой.

* * *

– Анашым, мен бүгін сабақтан алты «5» алдым!

– Ой, жарайсың, ботам!* Қандай сабақтан?

– Білесіз бе, маған бүгін апай бейнелеуден 2 бес, дене шынықтырудан 2 бес, еңбек сабағынан тағы 2 бес қойды.

* * *

– Айсұлу, тыңдашы, мен саған көптен бері бір нәрсе айтқым келіп жүр.

– Иә, жаным...

– Қалай айтарымды да білмеймін... Мен... **Сені жанымдай жақсы көремін***.
Маған тұрмысқа шықшы!

* Құлыным – жеребёнок мой, ботам – верблюжонок мой

Жанындай жақсы көру – Любить всем сердцем и душой



8. Сіз не істейсіз?

Сіз 24 жастасыз. Тұрмыс құрмағансыз. Сөйлесіп жүрген жігітіңіз де жоқ. Мектепте жүргенде ғашық болған алғашқы махаббатыңыз келіп, тұрмысқа шығуға ұсыныс

жасады. Оны көрмегеніңізге 7 жыл болған. Бірақ ол – жақсы жігіт. Оның ата-анасы да жақсы адамдар. Сіз не істейсіз?



9. Мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ!

Жанна, сен қайдасың қазір? Мүмкін екінші сменаға қалып, дәл қазір соғыс заводында жұмыс істеп тұрған шығарсың?.. Мүмкін қазір ұйықтап жатқан шығарсың?

Тыныш ұйықта, жаным! Ұйқың *бұзылмасын* деп, біз тұрмыз мұнда. Мен оқымысты* болуды арман етуші едім. Қазіргі күнде сені қорғайтын, өзіміздің Шығысты қорғайтын, өзіміздің Отанды қорғайтын солдатпын. Таңертең соғысқа кіргенде, есімде сен боларсың, елім болар.

Менің өмір сүргім келеді. Жанна, білемісің, соғыста өлу деген қиын жұмыс емес. Көп адамдар: «Отан үшін өлеміз», – дейді. Керек болса, біздің 28 *бауырымыз** сияқты өлеміз Отан үшін. Бірақ біз, солдаттар: «Отанымыз үшін өмір сүргіміз келеді!» – дер едік.

* Оқымысты – ученый

* бауырымыз – наши братья

Б.Бұлқышевтың хатынан үзінді



10. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Влюбленные¹ не видят⁴ недостатка³ друг друга².

2. Я люблю свою родину и буду защищать ее от врагов.

3. Интерес к изучению языков у меня возник в детстве.

4. Моя мама в молодости была очень красивой: белокожая, стройная девушка с тонкой талией.

5. Я доволен своей судьбой.

6. Я прочитала эту книгу в оригинале. Я не могу передать словами свои чувства.

7. Б.Момышұлы любил свой народ и честно служил ему.
8. Мне не нравится, что у меня выступают вены на руках.
9. Мы любили нашу учительницу за её тонкую душу и доброе сердце.
10. Он выразил свою точку зрения о мифах казахского народа в конференции.



10. Сөздікпен жұмыс

Адал	
Аңыз	
Бұзу	
Ғашық	
Жан	
Жуан	
Жұп	
Жүрек	
Жіңішке	
Кемшілік	
Көзқарас	
Қызығушылық	
Мықты	
Мінсіз	
Нәзік	
Неке	
Сезім	
Сүю	
Тағдыр	
Тамыр	
Түпнұсқа	
Ұят	

XV

ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ



1. Өткен сабақтарды еске түсіріңіз.

Төмендегі сөздерді мағынасына қарай топтастырыңыз.

Шабдалы Жарнама нәтиже Кесте Сызу Зерттеу Қаймақ
 Сүзбе Наурыз көже Бұзық Астана күні Раушан Жүрек Үнемдеу
 Тікелей Эфир Ғашық Қуыру Безендіру Көрермен Еркелеу
 Құтты болсын! Хабарландыру Неке Жеңілдік Өткеншек
 Шабдалы Рақат Сүю Пісіру

Бұқаралық ақпарат құралдары

.....

Балалық шақ

.....

Ас әзірлейік

.....

Мереке құтты болсын!

.....

Махаббат

.....

Сауда жасайық

.....

2. Өткен сабақтардағы жаңа сөздерді есіңізге түсіріңіз.

Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Табиғатты қорғау – біздің міндетіміз.

.....

2. Адамдармен сөйлескенде, сахнада сөйлеп тұрғанда, қатты қобалжимын.

.....

3. Эфирде жаңалықтардан кейін жарнама беріледі.

.....

4. Компаниямен келістік. Енді шарт дайындау керек.

.....

5. Кеше қызық түс көрдім. Сен түс жори аласың ба?

6. Ардақ хатты поштаға апарып тастады.

7. Тапсырысыңызды әкеліп қойыпты.

8. Өтініш, маған да бір қалам ала салыңызшы.

9. Қағазға жазып алыңыз. Кейін түсіндіріп беремін.

10. Сіздерді халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз.

3. Сәйкестендіріңіз.

1. Ас әзірлейтін адам
2. Біз ол арқылы жоғарыға көтерілеміз
3. 100 жыл
4. Ол асты дәмді ету үшін қосылады
5. Үлкенді тыңдамайтын, бұзық бала
6. Маса мен шыбынның жалпы атауы
7. Елдің бас қаласы
8. Ертегілерде катал, жыртқыш кейіпкер болатын жануар
9. Адамдарды күлдіру үшін айтылатын сөз
10. Әншілердің ән айтатын орны
11. Іші қызыл, сырты қатты, бірақ тәтті
12. Саусаққа тағылатын әшекей


- ☐ ғасыр
- ☐ ерке
- ☐ астана
- ☐ аспаз
- ☐ қарбыз
- ☐ жәндік
- ☐ баспалдақ
- ☐ дәмдеуіш
- ☐ әзіл
- ☐ жүзік
- ☐ сахна
- ☐ арыстан

4. Сөйлемдерді аяқтап жазыңыз.

НЕГЕ?.. СЕБЕБІ...

1. Неге әйелдер жазда жұқа киім киеді? – Себебі жазда күн ыстық болады.
2. Неге қыста қар жауады? – Себебі.....
3. Неге балалар мектепке барады? – Себебі.....
4. Неге құстар күзде басқа жаққа ұшып кетеді? – Себебі.....
5. Мен саған ренжіп қалдым. – Себебі.....
6. Күзде жапырақтар неге сарғаяды? – Себебі.....
7. Сіз неге қазақ тілін үйреніп жатырсыз? – Себебі.....
8. Сіз неге жиналысқа кешігіп келдіңіз? – Себебі.....
9. Неге жануарлар сөйлей алмайды? – Себебі.....
10. Неге адамдар бір-біріне ұқсамайды? – Себебі.....

5. Суретті сипаттаңыз. Кім не істеп жатыр?



1.
2.
3.
4.
5.
6.
7.
8.
9.
10.
11.
12.

6. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Лучшие повара приготовили вкусные блюда.

2. Не хотите попробовать блюда национальной кухни?

3. Его надо смешивать равномерно.

4. Пожалуй, я останусь здесь до утра.

5. Вам стоит прочитать книгу Клэйсона «Самый богатый человек Вавилона» и Кийосаки «Богатый папа, бедный папа». В этих книгах написаны секреты успеха и богатства.

6. Вчера дочка сама себе отрезала челку. Она не плакала, хотя я сильно ругала.

7. Вчера мы ходили в цирк. В шоу участвовали разные животные: обезьяны, тигры, львы и медведи.

8. Если вы видите восне на себе красивые бусы, то вас ждет счастливая жизнь.

9. Здесь самое главное – доверие. Верь в себя.

10. Мы забыли купить самые необходимые вещи: мыло, шампунь и туалетную бумагу.

11. Вы можете обменять товар в течений 14 дней.

12. Самал не хочет идти со мной к сватам. Тем не менее я все же постараюсь уговорить ее.

13. Наши товары пользуются большим спросом.

14. В 2018 году в Казахстане откроется 8 производственных предприятий.

15. Я прочитала эту книгу в оригинале. Я не могу передать словами свои чувства.

7. Грамматикалық тақырыптарды еске түсіріңіз.

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңыз.

қарап көру айта салу жібере беру отыра тұру іліп қою сұрап алу
еңбек ету салып тастау көріп қоя жаздау сезіп қою бақытты қылу
рұқсат ету айта жаздау еріп бару көріп қою ала салу қызмет ету

1. Хатты поштамен.....
2. Мен атамның үйіне анаммен.....
